Өзге жиынтық кіріс арқылы Компанияның қалауы бойынша әділ құны бойынша бағалау санатына жіктелген үлестік инвестициялық бағалы қағаздар бойынша өзге жиынтық табыс құрамында танылған пайданың/залалдың кез келген жинақталған сомасы 3(д)(і) ескертуде түсіндірілгендей, осындай бағалы қағаздарды тану тоқтатылған кезде пайданың немесе залалдың құрамына қайта сыныптауға жатпайды. Берілген қаржылық активтерге қатысудың оларға қатысты тануды тоқтату үшін талаптар сақталатын, Компания жасаған немесе оның артында сақталған кез келген үлесі жеке актив немесе міндеттеме ретінде танылады.

Компания шарттары бойынша қаржылық жағдайы туралы есебінде танылған активтерін беретін келісім жасайды, бірақ бұл кезде ол берілген активтерге меншік құқығына байланысты барлық немесе барлық дерлік тәуекелдер мен пайданы немесесе оның бір бөлігін сақтап қалады. Мұндай жағдайда берілген активтер есебінде тану тоқтатылмайды. Осындай келісімге мысал ретінде бағалы қағазды қарызға беру және «РЕПО» келісімлерін келтіруге болады.

Компания қаржы активіне меншік құқығына байланысты барлық дерлік тәуекел мен пайданы өз атына сақтамайтын және оны бермейтін және берілген активке бақылауды сақтайтын келісімдерде ол Компанияның берілген актив құнының өзгеру тәуекеліне ұшырағыштық деңгейі ретінде анықталатын активке жалғасатын қатысуын сақтап қалған дәрежеде тануды жалғастырады.

Қаржы міндеттемелері

Компания қаржы міндеттемесін тануды тиісті шарт бойынша оның міндеттемелері орындалғанда немесе күші жойылғанда немесе олардың қызмет ету мерзімі аяқталған сәтте тоқтатады.

(ii) Қаржы активтерінің және қаржы міндеттерінің шарттарын түрлендіру

Қаржы активтері

Қаржы активтерінің шарттары өзгертін болса, Компания осындай түрлендірілген актив бойынша ақша қаражаттары ағымының елеулі ерекшеленетінін/ерекшеленбейтінін бағалайды. Ақша қаражаттарының ағымы елеулі түрде ерекшеленетін болса («шарттардың елеулі түрленуі»), онда бастапқы қаржы активі бойынша шартта қарастырылған ақша қаражатының ағымына берілген құқықтар аяқталды деп есептеледі. Бұл жағдайда бастапқы қаржы активін тану тоқтатылып, жаңа қаржы активі есепте әділ құн бойынша танылады, оған келісім бойынша тиісті шығыстар қосылады. Түрлендіру шеңберінде туындаған комиссиялық сыйақының алынған сомалары есепте мынадай түрде танылады:

- жаңа активтің әділ құнын айқындау кезінде ескерілетін комиссиялық сыйақы сомалары, сондай-ақ келісім бойынша тиісті шығындарды өтеуді білдіретін комиссиялық сыйақы сомалары осы активті бастапқы бағалауға енгізіледі; және
- комиссиялық сыйақының өзге сомалары тануды тоқтатудан түскен пайданың немесе залалдың бір бөлігі ретінде пайданың немесе залалдың құрамында танылады.

Қолданыстағы қаржылық активтер немесе қаржылық міндеттемелер бойынша ақша қаражаты ағындарының шамасының өзгеруі, егер олар Шарттың ағымдағы талаптарының салдары болып табылса, мысалы, егер тиісті кредит беру шартында Компанияның пайыздық мөлшерлемелерді өзгерту мүмкіндігі көзделсе, ҚРҰБ базалық мөлшерлемесінің өзгеруі салдарынан Компанияның пайыздық мөлшерлемелерді өзгертуі талаптардың түрленуі болып есептелмейді.

Компания шарттардың түрленуі елеулі болып табыла ма, яғни бастапқы қаржы активі бойынша ақша қаражатының ағындары және түрлендірілген немесе оны ауыстырған қаржы активі бойынша ақша қаражатының ағындары айтарлықтай ерекшелене ме, соған сандық және сапалық бағалауды жүргізеді. Компания сапалық факторларды, сандық факторларды және сапалық және сандық факторлардың жиынтық әсерін талдай отырып, шарттардың түрленуінің маңыздылығын сандық және сапалық бағалауды жүргізеді. Егер ақша қаражатының ағындары айтарлықтай өзгеше болса, онда бастапқы қаржы активі бойынша шартта көзделген ақша қаражатының ағындарына құқықтар мерзімі өткен деп есептеледі. Осы бағалауды жүргізу кезінде Компания ұқсас қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтатуға қатысты нұсқауларды басшылыққа алады.

Компания келесі сапалы факторлардың негізінде шарттарды өзгерту маңызды деген қорытындыға келеді:

- қаржы активі валютасының өзгеруі;
- қамтамасыз ету түрін немесе активтің сапасын арттырудың басқа құралдарын өзгерту.

Түрлендіру қарыз алушының/эмитенттің қаржы қиыншылықтарымен шартталған болса, онда мұндай түрлендірудің мақсаты, жаңа активті бастапқыдан айтарлықтай ерекшеленетін жағдайда жасау (беру) емес, тәртіп бойынша, актив құнын шарттың бастапқы талаптарына сәйкес барынша мүмкін сомада өтеу болып табылады. Компания қаржы активін бұл қолданыстағы шартта қарастырылған ақша қаражаты ағымының бір бөлігін кешіруге әкелетіндей түрлендіруді жоспарлап тұрса, онда ол осы активтің бір бөлігін түрлендіруді жүргізгенге дейін есептен шығару керек пе/керек емес екенін талдауға тиіс (төменде есептен шығаруға қатысты саясатқа қараңыз). Бұл тәсілдеме сандық бағалау нәтижесіне әсер етіп, тиісті қаржы активін тануды тоқтату үшін критерийлер бұл жағдайда әдетте сақталмайды деген қорытындыға келеді. Сондай-ақ Компания шарттарды түрлендірудің елеулі болып табылатынына/болып табылмайтынына сапалы бағалау жүргізеді.

Амортизациялық құны бойынша немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активінің шарттарын түрлендіру осы қаржы активін тануды тоқтатуға әкелмесе, онда Компания осы актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып осы активтің жалпы баланстық құнын қайта есептейді және туындаған айырманы пайда немесе залал құрамында түрлендіруден болған пайда немесе залал ретінде таниды. Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы қаржы активтеріне қатысты түрлендіруден болатын пайданы немесе залалды есептеген кезде қолданылатын бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме түрлендіруді жүргізген сәтте ағымдағы нарық шарттарын көрсету үшін түзетіледі. Осындай түрлендіру аясында туындаған жұмсалған шығындар немесе төленген комиссия және алынған комиссиялық сыйақылар түрлендірілген қаржы активінің жалпы баланстық құнын түзетеді және түрлендірілген қаржы активінің қалған қызмет ету мерзімі ішінде амортизацияланады.

Егер мұндай түрлендіру қарыз алушының қаржы қиыншылықтарымен шартталған болса (3(д)(iii)-ескертпесіне қараңыз), онда тиісті пайда немесе залал құнсызданудан болған залал құрамында көрсетіледі. Қалған жағдайда тиісті пайда немесе залал тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық кіріс құрамында көрсетіледі (3(в)-ескертпесіне қараңыз).

Талаптарында қарыз алушының атаулы құны бойынша елеулі айыппұлдарсыз мерзімінен бұрын өтеу құқығы көзделген белгіленген пайыздық мөлшерлемесі бар кредиттер үшін нарықтық жағдайлардың өзгеруіне жауап ретінде пайыздық мөлшерлеменің нарықтық деңгейге дейінгі өзгеруін Компания өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар құралдар үшін есепке алу тәртібіне ұқсас есепке алады, яғни тиімді пайыздық мөлшерлеме болашақта қайта қаралады.

Қаржы міндеттемелері

Түрлендірілген міндеттеме бойынша ақша қаражаттары ағымының көлемі айтарлықтай өзгерген кезде Компания қаржы міндеттемесін тануды тоқтатады. Бұл жағдайда шарттары түрлендірілген жаңа қаржы міндеттеме әділ құн бойынша танылады. Бұрынғы қаржы міндеттеме мен шарттары түрлендірілген жаңа қаржы міндеттемесінің құны арасындағы айырма пайда немесе залал құрамында танылады. Төленген өтеуге егер мұндай бар болса, берілген қаржылық емес активтері және өзіне қабылданған міндеттемелер, соның ішінде түрлендірілген жаңа қаржы міндеттемесі кіреді.

Компания сапалық факторларды, сандық факторларды және сапалық пен сандық факторлардың жиынтықты нәтижесін талдай отырып, шарттарды түрлендірудің маңыздылығы пәніне сапалық және сандық факторлардың бағалауын жүргізеді. Компания шарттарды түрлендіру келесі сапалы факторлар негізінде елеулі болып табылады деген қорытындыға келеді:

- қаржылық міндеттеме валютасының өзгеруі;
- активтің сапасын арттыруды қамтамасыз ету түрінің немесе басқа құралдардың өзгеруі;

- айырбастау шарттарын қосу;
- қаржылық міндеттеме субординациясының өзгеруі.

Жаңа шарттарға сәйкес ақша ағымдарының келтірілген құны, оның ішінде бастапқы тиімді пайыз мөлшерлемесі бойынша дисконтталған алынған комиссиялық сыйақыны шегергенде комиссиялық сыйақы төлемі бастапқы қаржы міндеттемесі бойынша ақша қаражаттарының қалған ағымдарының дисконтталған келтірілген құнынан кем дегенде, 10%-ға ерекшеленетін болса, сандық бағалауды жүргізу үшін шарттар айтарлықтай ерекшеленеді деп есептеледі.

Қаржы міндеттемесінің шарттарын түрлендіру оны тануды тоқтатуға әкелмесе, онда міндеттеменің амортизациялық құны ақша құралдарының түрлендірілген ағымын бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконттау арқылы қайта есептеледі және соның нәтижесінде туындаған айырма пайда немесе залал құрамында түрлендіруден болған пайда немесе залал ретінде танылады. Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы қаржы міндеттемелеріне қатысты түрлендіруден болатын пайданы немесе залалды есептеген кезде қолданылатын бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме түрлендіруді жүргізген сәтте ағымдағы нарық шарттарын көрсету үшін түзетіледі. Түрлендіру аясында туындаған жұмсалған шығындар немесе төленген комиссиялар міндеттеменің баланстық құнын түзету ретінде танылып, құрал бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемені қайта есептеу арқылы түрлендірілген қаржы міндеттемесінің қалған қызмет ету мерзімі ішінде амортизацияланады.

(iii) Құнсыздану

4-ескертпені қараңыз.

Компания пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын келесі қаржы құралдарынан күтілетін кредиттік залалдары бойынша бағалау резервін таниды:

- қарыз құралдары болып табылатын қаржы активтері;
- қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек;
- шығарылған қаржылық кепілдік шарттары; және
- қарыздар беру бойынша шығарылған міндеттемелер.

Үлестік құралдарына инвестициялар бойынша құнсызданудан болған залал танылмайды.

Компания күтілетін кредиттік залалдары бойынша бағалау резервтерін бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдарына тең сомада таниды, бұған резерв сомасы күтілетін 12 айлық кредиттік залалдарына тең келесі құралдары кірмейді:

- есептік күніндегі жағдай бойынша кредит тәуекелі төмен қарыздық инвестициялық бағалы қағаздары; және
- бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелі айтарлықтай жоғарыламаған өзге қаржы құралдары (жалгерлік бойынша дебиторлық берешектен басқа) (4-ескертпеге қараңыз).

Күтілетін 12 айлық кредиттік залалдары («12 айлық ККЗ») – бұл есептік күнінен кейінгі 12 ай ішінде болуы мүмкін қаржы құралы бойынша дефолт оқиғасының салдарынан туындайтын күтілетін кредиттік залалдың бір бөлігі. 12 айлық ККЗ танылатын қаржы құралдары «1-кезеңдегі» қаржы құралдарына жатады.

Бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік залалдар ("бүкіл мерзім үшін ККЗ") оның қолданылуының барлық күтілетін мерзімі ішінде қаржы құралы бойынша дефолттың барлық ықтимал оқиғаларының нәтижесінде ККЗ ретінде айқындалады. ККЗ бүкіл мерзім ішінде мойындайтын қаржы құралдары "2-кезең" (егер қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекел бастапқы танылған сәттен бастап айтарлықтай жоғарылаған, бірақ қаржы құралы кредиттік-құнсызданған болып табылмаған жағдайда) және "3-кезең" (егер қаржы құралы кредиттік-құнсызданған болып табылған жағдайда) қаржы құралдарына жатады.

Күтілетін кредиттік залалдарды бағалау

Күтілетін кредиттік залалдары дефолттың болу ықтималдық деңгейі бойынша теңдестірілген кредиттік залалдарының есептік бағалауы болып табылады. Олар келесідей бағаланады:

- есептік күніндегі жағдай бойынша кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын қаржы активтеріне қатысты: толық алынбаған күтілетін барлық ақша қаражаттарының келтірілген құны ретінде (яғни шартқа сәйкес Компанияға тиесілі ақша қаражаттарының ағымы мен Компания алуды күтетін ақша қаражаттарының ағымы арасындағы айырма);
- есептік күніндегі жағдай бойынша кредиттік-құнсызданған болып табылатын қаржы активтеріне қатысты: активтердің жалпы баланстық құны мен ақша қаражаттарының есептік болашақ ағымдарының келтірілген құны арасындағы айырма ретінде;
- қарыз беру жөніндегі міндеттемелердің пайдаланылмаған бөлігіне қатысты: егер қарыз алушы кредит алу құқығын пайдаланса, шарт бойынша Компанияға тиесілі шартта көзделген ақша қаражатының ағындары мен егер осы кредит берілген болса, Компания алуды күтетін ақша қаражатының ағындары арасындағы айырманың келтірілген құны ретінде; және
- қаржылық кепілдік шарттарына қатысты: Компания өтеуді күтетін сомаларды шегере отырып, оның шеккен кредиттік залалын өтеу үшін шарт ұстаушыға күтілетін төлемдердің келтірілген құны ретінде бағаланады.

4-ескертпені қараңыз.

Қайта құрылымдалған қаржы активтері

Тараптардың келісімі бойынша қаржы активінің шарттары қайта қаралған немесе қаржы активінің шарттары өзгертілген немесе қарыз алушының қаржылық қиындықтары себебінен қолданыстағы қаржы активі жаңасымен ауыстырылған жағдайда, осы қаржы активін тануды тоқтату қажеттілігі мәніне бағалау жүргізіледі (3(д)(iii) ескертпені қараңыз) және күтілетін кредиттік залалдар былайша бағаланады:

Егер күтілетін қайта құрылымдау қолда бар активті тануды тоқтатуға әкелмесе, онда түрлендірілген қаржы активі бойынша күтілетін ақша қаражатының ағындары қолда бар актив бойынша ақша қаражатының толық алынбаған сомасының есебіне енгізіледі (4-ескертпені қараңыз).

Егер күтілетін қайта құрылымдау қолданыстағы активті тануды тоқтатуға әкеп соғатын болса, онда жаңа активтің күтілетін әділ құны оны тануды тоқтатқан сәтте қолданыстағы актив бойынша ақша қаражатының түпкілікті ағыны ретінде қаралады. Бұл сома қолданыстағы қаржы активі бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, тануды тоқтатудың күтілетін күнінен есепті күнге дейінгі кезең үшін дисконтталатын қолданыстағы қаржы активі бойынша ақша қаражатын толық алмау сомасының есебіне енгізіледі.

Кредиттік-құнсызданған қаржы активтері

Әрбір есептік күні Компания амортизациялық құн бойынша есепке алынатын қаржы активтерін және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша есепке алынатын борыштық қаржы активтерін олардың кредиттік құнсыздануы пәніне бағалайды («З-кезеңдегі» қаржы активтеріне жатады). Қаржы активі бойынша ақша қаражаттарының келешектегі есептік ақша қаражаттарына жағымсыз әсер ететін бір немесе бірнеше жағдай орын алған кезде, қаржы активі «кредиттік-құнсызданған» болып табылады.

Байқалатын келесі деректер қаржы активінің кредиттік құнсыздануының куәсі болып табылады:

- қарыз алушының немесе эмитенттің елеулі қаржы қиыншылықтары;
- дефолт немесе төлем мерзімін кешіктіру тәрізді шарттың талаптарын бұзу;
- Компанияның кредитті немесе аванс төлемін, өзге жағдайда ол мұны қарастырмайтын жағдайда қайта құрылымдауы;
- қарыз алушының банкротқа ұшырау немесе оның өзгедей қаржылық қайта ұйымдастырылу ықтималдығының пайда болуы; немесе
- қаржы қиыншылықтары нәтижесінде бағалы қағаздар үшін белсенді нарықтың жоқ болуы.

Қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауы салдарынан талаптары қайта қаралған кредит, егер шартта көзделген ақша қаражатының ағындарын алмау тәуекелінің айтарлықтай төмендегені және құнсызданудың басқа да белгілері жоқ екендігі туралы кепілдік болмаса ғана, әдетте, кредиттік-құнсызданған болып есептеледі. Бұдан басқа, 90 күннемесе одан көп мерзімге мерзімі өткен бөлшек кредиттер кредиттік-құнсызданған болып саналады.

Қаржылық жағдай туралы есебінде күтілетін кредиттік залалдары бойынша бағалау резервін ұсыну

Қаржылық жағдай туралы есебінде күтілетін кредиттік залалдары бойынша бағалау резервінің сомасы келесі түрде көрсетілген:

- амортизациялық құн бойынша бағаланатын қаржы активтері: осы активтердің жалпы баланстық құнының азаюы ретінде;
- қарыздар беру бойынша міндеттемелер және қаржылық кепілдік шарттары: жалпы жағдайда, резерв ретінде;
- басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құралдар: шығындарға арналған бағалау резерві қаржылық жағдай туралы есепте танылмайды, өйткені бұл активтердің баланстық құны олардың әділ құны болып табылады. Алайда шығындарға арналған бағалау резервінің шамасы әділ құнның өзгеру резервінің құрамында ашылады және танылады.

Есептен шығару

Қаржы активінің толық сомасының немесе оның бір бөлігінің өтелуін негізделген күту болмаған кезде, борыштық бағалы қағаздары (ішінара немесе толық сомада) есептен шығарылуға тиіс. Тәртіп бойынша, бұл Компанияның есептен шығарылуға тиіс берешек сомасын өтеу үшін қарыз алушыда жеткілікті мөлшерде ақша қаражатының ағымын генерациялай алатын активтері немесе кіріс көзінің жоқтығын анықтайтын жағдай. Бұл бағалау әр актив үшін бөлек жасалады.

Бұрын есептен шығарылған сомаларды өтеу пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы есебінде «борыштық қаржы активтерінің құнсыздануынан болған залалдар» бабында көрсетіледі.

Алайда есептен шығарылған қаржы активтері тиесілі сомалардың орнын толтыруға қатысты Компания процедураларына сәйкес келуін қамтамасыз ету мақсатында құқық қолдану объектісі болып қалуы мүмкін.

(е) Инвестициялық бағалы қағаздар

Қаржылық жағдай туралы есептің "Инвестициялық бағалы қағаздар" бабы мыналарды қамтиды:

- амортизациялық құны бойынша бағаланатын борыштық инвестициялық бағалы қағаздары (З(д)(і)-ескертпесіне қараңыз); бастапқыда олар әділ құны бойынша бағаланады, оған келісім бойынша қосымша тікелей шығасылары және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып олардың амортизациялық құны қосылады;
- міндетті түрде пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын немесе Компанияның қалауы бойынша осы санатқа жіктелетін борыштық және үлестік инвестициялық бағалы қағаздар (З(д)(і) ескертпелерді қараңыз); олар өзгерістері пайданың немесе залалдың құрамында дереу танылатын әділ құн бойынша бағаланады.

(ж) Депозиттер, шығарылған борыштық бағалы қағаздар және тәртіптелген міндеттемелер

Депозиттер, шығарылған борыштық бағалы қағаздар және тәртіптелген міндеттемелер бастапқыда келісім бойынша тиісті шығындар шегеріле отырып әділ құн бойынша және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, олардың амортизацияланған құны бойынша бағаланады.

(з) "РЕПО" және "кері РЕПО" келісімдері

Кері сатып алу міндеттемесі арқылы сату туралы келісімдер шеңберінде сатылған бағалы қағаздар (бұдан әрі - "РЕПО" келісімдері") бағалы қағаздар кепілімен қамтамасыз етілген қаржыландыруды тарту бойынша операциялар ретінде көрсетіледі, бұл ретте бағалы қағаздар қаржылық жағдай туралы есепте, ал "РЕПО" келісімдер бойынша кредиторлық берешек құрамында енгізілген контрагенттер алдындағы міндеттемелер өзге де тартылған қаражат құрамында көрсетіледі. Сату бағасы мен кері сатып алу бағасы арасындағы айырма пайыздық шығысты білдіреді және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, "РЕПО" келісімдерінің қолданылу кезеңі үшін пайданың немесе залалдың құрамында көрсетіледі.

Кері РЕПО келісімдері бойынша дебиторлық берешектің құрамына енгізілген кері сату міндеттемесімен сатып алу туралы келісімдер (бұдан әрі – "кері РЕПО" келісімдері") шеңберінде сатып алынған бағалы қағаздар ақша қаражаты мен олардың баламаларының құрамында көрсетіледі. Сатып алу бағасы мен кері сату бағасы арасындағы айырма пайыздық табысты білдіреді және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, "кері РЕПО" келісімдерінің қолданылу кезеңіндегі пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі. Егер кері сату міндеттемесі бар сатып алу туралы келісімдер шеңберінде сатып алынған активтер үшінші тараптарға сатылса, бағалы қағаздарды қайтару міндеттемесі саудаға арналған міндеттеме ретінде көрсетіледі және әділ құны бойынша бағаланады.

(и) Активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу

Қаржы активтері мен міндеттемелері өзара есепке алынады және қаржылық жағдай туралы есепте Компанияның қазіргі кезде заңды қорғаумен қамтамасыз етілген танылған сомаларды өзара есепке алуды жүзеге асыру құқығы болған және олар бойынша нетто-негізде есеп айырысуды жүргізуге немесе активті сатуға және міндеттемені бір мезгілде орындауға ниеттенген кезде ғана нетто-шамада ұсынылады. Қазіргі уақытта Компания, егер бұл құқық болашақтағы оқиғаға байланысты болмаса және әдеттегі қызмет барысында да, Компанияның немесе контрагенттердің кез келгенінің міндеттемесі, дәрменсіздігі немесе банкроттығы орындалмаған жағдайда да заңды түрде орындалатын болса, заңды қорғаумен қамтамасыз етілген өзара есеп айырысуды жүзеге асыру құқығына ие болады.

(к) Жалгерлік

Шарт жасалған кезде ұйым Шарттың тұтастай немесе оның жекелеген компоненттерінің жалгерлік шарты болып табылатындығын бағалайды. Шарт жалгерлік шарты болып табылады немесе жалгерлік компонентін қамтиды, егер осы Келісім бойынша белгілі бір уақыт ішінде сәйкестендірілген активтің пайдаланылуын бақылау құқығы өтеудің орнына берілсе, осы Шарт бойынша сәйкестендірілген активті пайдалануды бақылау құқығының берілетіндігін бағалау үшін Компания 16 ХҚЕС (IFRS) сәйкес жалгерлік анықтамасын қолданады.

(i) Компания жалға алушы ретінде

Жалгерлік құрамдаушы бар шарттың қолданылуы немесе түрленуі басталған кезде Компания шартта көзделген өтемді жалгерліктің әрбір құрамдаушына оның жекелеген келісімнің салыстырмалы бағасы негізінде бөледі. Алайда, жылжымайтын мүлікті жалға берудің кейбір келісімдеріне қатысты Компания жалгерлік болып табылмайтын компоненттерді бөліспеу туралы шешім қабылдады және жалгерлік компоненттерін және жалгерлік емес компоненттерді жалгерліктің бір компоненті ретінде қарастырады.

Компания активті пайдалану құқығы және жалгерлік басталған күнгі жалгерлік бойынша міндеттеме түрінде таниды. Пайдалану құқығы түріндегі актив бастапқыда жалгерлік басталған күнге немесе осындай күнге дейін жасалған жалгерлік төлемдерінің шамасына түзетумен жалгерлік бойынша міндеттеменің бастапқы шамасын құрайтын бастапқы күн бойынша бағаланады, базалық активті бөлшектеу және өткізу, жалгерлік бойынша алынған ынталандыру төлемдерін шегере отырып, ол орналасқан жерде базалық активті немесе учаскені қалпына келтіру кезінде туындайтын бастапқы тікелей шығындарға және шығындардың бағалау шамасына ұлғайтылады..

Кейіннен есепке алу кезінде пайдалану құқығы нысанындағы актив жалгерлік шартына сәйкес базалық активке меншік құқығы Компанияға жалгерлік мерзімінің соңына дейін берілетін немесе егер пайдалану құқығы нысанындағы активтің бастапқы құны Компанияның сатып алуға арналған опционды орындауын көрсететін жағдайларды қоспағанда, жалгерлік басталған күннен бастап жалгерлік мерзімі аяқталғанға дейін желілік әдіспен амортизацияланады. Мұндай жағдайларда пайдалану құқығы нысанындағы актив негізгі құралдар үшін қолданылатын тәсілді пайдалана отырып айқындалатын базалық активті пайдалы пайдалану мерзімі ішінде амортизацияланады. Бұған қосымша пайдалану құқығы нысанындағы активтің құны болған жағдайда құнсызданудан болған шығындардың шамасына кезең-кезеңімен төмендетіледі, сондай-ақ жалгерлік бойынша міндеттемеге белгілі бір қайта бағалау жүргізу кезінде түзетіледі.

Жалгерлік жөніндегі міндеттеме бастапқыда жалдаудың басталу күніне төленбеген, жалгерлік шартында кепілге салынған пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған жалгерлік төлемдерінің келтірілген құны бойынша немесе егер мұндай мөлшерлемені оңай анықтау мүмкін болмаса, Компанияның қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдалана отырып бағаланады. Әдетте, Компания қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін дисконттау мөлшерлемесі ретінде пайдаланады.

Компания әр түрлі сыртқы көздерден алынған пайыздық мөлшерлемелерге сүйене отырып, қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін анықтайды және жалгерлік шарттары мен жалға алынған активтің түрін ескеру үшін белгілі бір түзетулер енгізеді.

Жалгерлік бойынша міндеттемелерді бағалауға енгізілетін жалгерлік төлемдері мыналарды қамтиды:

- тіркелген төлемдер, соның ішінде мәні бойынша тіркелген төлемдер;
- бастапқыда жалгерлік басталған күнгі индексті немесе мөлшерлемені қолдана отырып бағаланатын индекске немесе мөлшерлемеге байланысты ауыспалы жалгерлік төлемдері;
- жалға алушы таратылу құнының кепілдігі бойынша төлеуі күтілетін сомалар;

- егер Компания осы опционды орындайтынына жеткілікті сенімділік болса, сатып алуға арналған опционды орындау бағасы, егер Компания осы опционды жалгерлікті ұзартуды орындайтынына жеткілікті сенім болса, жалдауды ұзартуға арналған опционның болу түріне байланысты қосымша жалгерлік мерзімі ішінде жалгерлік төлемдері және жалгерлік мерзімін мерзімінен бұрын тоқтатқаны үшін айыппұлдар, егер бұл опционды жалға алуды ұзарту Компания мерзімінен бұрын жалға беруді тоқтатпайтынына жеткілікті сенім болған кезде орындайды.

Жалгерлік бойынша міндеттеме тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша бағаланады. Егер болашақ жалгерлік төлемдері индекстің немесе мөлшерлеменің өзгеруіне байланысты өзгерсе, егер Компания жасаған таратылу құнының кепілдігі бойынша төленуге тиісті соманы бағалау өзгерсе, егер Компания сатып алуға арналған опционды, жалгерлікті ұзартуға немесе оны тоқтатуға арналған опционды орындайтындығын бағалауды өзгертсе немесе егер таратылу құнының кепілдігі бойынша төлеуге жататын мәні бойынша тіркелген жалгерлік төлемі қайта қаралса қайта бағаланады.

Жалгерлік жөніндегі міндеттеме осылайша қайта қаралған кезде, тиісті түзету пайдалану құқығы нысанындағы активтің баланстық құнына қатысты жүргізіледі немесе егер пайдалану құқығы нысанындағы активтің баланстық құны бұрын нөлге дейін азайтылған болса, пайдаға немесе залалға жатады.

Компания активтерді төмен құны бар активтерді жалгерлік шарттары мен қысқа мерзімді жалгерлік шарттарына қатысты пайдалану құқығы мен жалдау міндеттемесі түрінде танымау туралы шешім қабылдайды. Компания осындай шарттарға сәйкес жүзеге асырылатын жалгерліктөлемдерін жалгерлік мерзімі ішінде желілік әдіспен шығыс ретінде таниды.

(ii) Компания жалға беруші ретінде

Жалгерлік құрамдауышты қамтитын шарттың қолданылуы немесе түрленуі басталған кезде Компания шартта көзделген өтемді жалға алудың әрбір құрамдауышына қолда бар жекелеген келісімнің салыстырмалы бағалары негізінде бөледі.

Компания жалға беруші болған жағдайда, жалгерлік қатынастары басталған күні шарттардың әрқайсысының қаржылық жалгерлік немесе операциялық жалгерлік болып табылатындығын анықтайды.

Жалгерлік шартын жіктеу үшін Компания жалгерлік шартының негізгі активті иеленумен байланысты барлық тәуекелдер мен артықшылықтарды беретіндігін жалпы бағалауды жүргізеді. Егер бұл орын алса, онда жалгерлік шарты қаржылық жалгерлік болып табылады; әйтпесе, келісім-шарт операциялық жалгерлік болып табылады. Осы бағалау аясында Компания белгілі индикаторларды, атап айтқанда, жалгерлік мерзімі активті экономикалық пайдалану мерзімінің едәуір бөлігін құрау/құрамауын қарастырады.

Егер келісімде жалгерлік компоненті және жалгерлік болып табылмайтын компонент болса, Компания 15 ХҚЕС (IFRS) шарт бойынша қайтаруды бөлу үшін қолданады. Компания 9 ХҚЕС (IFRS) талаптарын жалға берілетін таза инвестицияға қатысты тану мен күнсыздануды тоқтатуға қатысты қолданады. Бұдан басқа, Компания жалға берудің жалпы инвестициясын есептеуде пайдаланылған кепілдендірілмеген тарату құнының есеп айырысу шамаларын өзгерту қажеттілігі тұрғысынан үнемі талдайды.

Компания операциялық жалгерлік шарттары бойынша алынған жалгерлік төлемдерін "Өзге табыстар" бабының құрамында жалгерлік мерзімі ішінде желілік әдіс арқылы табыс ретінде таниды.

Әдетте, салыстырмалы кезеңде Компанияның жалға беруші ретінде қолданған есеп саясаты 16 ХҚЕС (IAS) талаптарынан ерекшеленбеді.

(л) Алынған активтер

Алынған активтер екі шаманың ең азы бойынша есепке алынады: нақты өзіндік құн немесе ықтимал сатудың таза құны. Бастапқы құн жаппай сәйкестендіру әдісінің негізінде айқындалады және алып қою күніне қаржылық жалгерлік жөніндегі тиісті талаптың таза баланстық құны бойынша көрсетіледі. Ықтимал сатудың таза құны – жұмысты аяқтауға және өткізуге есептелген шығындарды шегергендегі іскерлік айналымның әдеттегі жағдайларында сатудың болжамды бағасы.

(м) Негізгі құралдар

(i) Меншікті активтер

Негізгі құрал объектілері амортизация мен құнсызданудан болған залалдың жиналған сомасы шегеріле отырып, өзіндік құны бойынша көрсетіледі.

Негізгі құрал объектісі пайдалы қолдану мерзімі әртүрлі бірнеше компоненттен тұрған жағдайда, мұндай компоненттер негізгі құралдардың бөлек объектілері ретінде көрсетіледі.

(ii) Амортизация

Негізгі құралдар бойынша амортизация оның болжанатын пайдалы қолдану мерзімі ішінде біркелкі есептеу әдісі бойынша есептеліп, пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Амортизация объектіні сатып алған күннен бастап есептеледі, ал шаруашылық тәсілмен тұрғызылған негізгі құрал объектілері үшін – объектінің құрылысы аяқталып, оның қолдануға дайын болу сәтінен бастап есептеледі. Жер телімдері амортизацияланбайды.

Негізгі құралдардың әртүрлі объектілерін пайдалы қолдану мерзімін келесі түрде көрсетуге болады:

- ғимарат	8-100 жыл;
- компьютерлік құрал	3-5 жыл;
- көлік құралдары	5-7 жыл;
- өзге активтер	3-14 жыл.

(н) Материалдық емес активтер

Сатып алынған материалдық емес активтер жиналған амортизацияны және құнсызданудан болған залалды шегере отырып қаржы есептілігінде нақты шығындар бойынша көрсетіледі.

Арнайы бағдарламалық қамтылымға лицензия сатып алуға және оны енгізуге жұмсалған шығыстар тиісті материалдық емес актив құнына капиталдандырылады.

Материалдық емес активтер бойынша амортизация оны көзделінетін пайдалы қолдану мерзімі ішінде біркелкі есептеу әдісі бойынша есептеліп, пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Материалдық емес активтерді пайдалы қолдану мерзімі бағдарламалық қамтамасыз ету үшін 1 жылдан 20 жылға дейін ауытқиды.

(о) Инвестициялық меншік

Инвестициялық меншікке жалға беруден және/немесе оның нарықтық құнын арттырудан пайда табуға арналған, әдеттегі шаруашылық қызмет процесінде сатуға, тауарларды өндіру немесе жеткізу кезінде пайдалануға, қызметтерді көрсетуге немесе әкімшілік қызметке арналған мүлік жатады. Инвестициялық меншік амортизацияның жинақталған сомасын және құнсызданудан болған шығындарды шегергендегі өзіндік құны бойынша көрсетіледі.

Амортизация жекелеген активтерді дұрыс пайдаланудың болжамды мерзімі ішінде біркелкі есептеу әдісі бойынша есептеледі және пайданың немесе залалдың құрамында көрсетіледі. Амортизация активті сатып алған күннен бастап есептеледі. Инвестициялық меншіктің пайдалы қызмет ету мерзімі – 60 жыл.

Егер инвестициялық меншік объектісін пайдалану сипаты өзгертілсе және ол негізгі құралдар санатына қайта сыныпталатын болса, онда осы объектінің қайта сыныптау күніндегі әділ құны оны кейіннен қаржылық есептілікте көрсету мақсатында осы объект бойынша нақты шығындарға айналады.

(п) Сатуға арналған активтер

Құнын өтеу, ең алдымен, пайдалануды жалғастырудан емес, оны сату есебінен күтілетін активтер мен міндеттемелерді қамтитын айналымнан тыс активтер немесе шығындар тобы сату үшін ұсталатындар санатында айқындалады. Сату үшін ұсталатындар санатына жатқызар алдында Компанияның есеп саясатына сәйкес шығындар тобының активтерін немесе компоненттерін қайта бағалау жүргізіледі. Тиісінше, активтерді немесе шығындар тобын бағалау екі шаманың ең азы ойынша жүргізіледі: баланстық құн немесе сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі әділ құн.

(р) Қорлар

Қорлар қаржылық жалгерлік шарттар бойынша берілуге жататын активтерді және өзге де қорларды қамтиды. Қаржылық жалгерлік шарттары бойынша берілуге жататын активтер Компания сатып алған және лизинг алушыларға Компания осы объектілерге меншік құқығын алғаннан кейін берілетін жылжымайтын мүлік объектілері болып табылады. Қорлар екі шаманың ең азы бойынша көрсетіледі: сатуға мүмкін болатын өзіндік құны немесе таза құны. Қорлардың өзіндік құны орташа өлшемді құн қағидатының негізінде айқындалады және оған қорларды сатып алуға арналған шығындар, өндіруге немесе қайта өңдеуге арналған шығындар және қорларды олардың осы орналасқан жеріне дейін жеткізуге және оларды тиісті жағдайға келтіруге арналған өзге де шығындар енгізіледі. Өз өндірісінің және аяқталмаған өндірістің қорларына қатысты өзіндік құнға кәсіпорынның өндірістік қуаттарының қалыпты жүктемесі негізінде есептелетін өндірістік үстеме шығыстардың тиісті үлесі де қосылады.

Мүмкін болатын сатудың таза құны - жұмыстарды аяқтауға және өткізуге арналған есептік шығындарды шегергендегі іскерлік айналымның әдеттегі жағдайларында қорларды сатудың болжамды бағасы.

(с) Қаржылық емес активтер

Кейінге қалдырылған салықтардан ерекшеленетін өзге де қаржылық емес активтер құнсыздану белгілерінің болуы тұрғысынан әрбір есепті күнгі жағдай бойынша бағаланады. Қаржылық емес активтердің өтелетін құны сату бойынша шығыстарды және пайдаланудан түскен құндылықты шегергендегі әділ құнның ең үлкен шамасы болып табылады.

Пайдалану құндылығын есептеу кезінде болашақта күтілетін ақша қаражатының ағындары уақыт өте келе ақша құнының өзгеруі әсерінің ағымдағы нарықтық бағасын және осы активке тән тәуекелдерді көрсететін дисконттаудың салыққа дейінгі мөлшерлемесін пайдалана отырып, олардың келтірілген құнына дейін дисконтталады. Басқа активтермен генерацияланатын ақша қаражатының ағындарынан едәуір дәрежеде тәуелсіз ақша қаражатының ағынын генерацияланбайтын актив үшін өтелетін құн актив тиесілі ақша қаражатын генерациялайтын активтер тобы бойынша айқындалады. Егер активтің немесе оған тиісті ЭҚӨБ баланстық құны оның есептік өтелетін құнынан жоғары болған жағдайда құнсызданудан болатын залал танылады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан болған барлық залалдар пайда немесе зиян құрамында көрсетіледі және өтелетін құнын анықтауда пайдаланылатын бағалауда өзгерістер болған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Активтердің құнсыздануынан болған кез келген залал сол мөлшерде қалпына келтіріледі, ол бойынша активтің баланстық құны осы баланстық құннан аспайды (амортизацияны шегергенде), егер құнсызданудан болған шығын шоғырландырылмаған қаржылық есептілікте көрсетілмесе жинақталатын еді.

(г) Мемлекеттік субсидиялар

Мемлекеттік субсидиялар - Үкіметтің, мемлекеттік агенттіктердің және мемлекеттік ұйымдардың Компанияның операциялық қызметіне қатысты өткен немесе болашақтағы белгілі бір шарттарды орындаудың орнына Компанияның ресурстарын аудару түрінде берген көмегі. Егер Компания олармен байланысты барлық шарттарды орындайтынына және көрсетілген субсидияларды алатынына негізделген сенім болмаса, мемлекеттік субсидиялар танылмайды. Нарықтық бағадан төмен сыйақы мөлшерлемесі бойынша мемлекеттік қарыз алудан түсетін пайда мемлекеттік субсидия ретінде ескеріледі. Сыйақы мөлшерлемесінен түсетін пайда нарықтық мөлшерлемеден төмен қарыздың бастапқы баланстық құны мен түсімдер сомасы арасындағы айырма ретінде бағаланады.

Мемлекеттік субсидиялар Компания субсидиялар қаражаты өтеу үшін арналған тиісті шығындарды шығыстар ретінде танитын кезеңдер ішінде жүйелі негізде пайданың немесе залалдың құрамында танылады.

"Нұрлы жер" бағдарламасын қаржыландыруға қатысты мемлекеттік субсидия бойынша міндеттемелер жергілікті атқарушы органдардың облигацияларын төмен пайыздық мөлшерлеменен сатып алудан дисконтты тануға қарай пайдаланылатын болады, сондай-ақ мемлекеттік субсидиялардың бір бөлігі дайын пәтерлерді Компанияның балансына қабылдаған сәттен бастап 20 жыл ішінде тікелей желілік түрде өзге операциялық шығыстар құрамында амортизациялана бастайды.

(у) Қаржылық кепілдіктер

Қаржылық кепілдік шарты – қаржылық кепілдік ұстаушыға белгілі бір дебитордың бастапқы немесе өзгертілген қарыз құралының талаптарында айқындалған мерзімде төлемді жүзеге асыра алмауының нәтижесінде келтірілген шығындардың орнын толтыратын белгілі бір төлемдерді жүзеге асыруға эмитентті міндеттейтін шарт.

Бастапқы тану кезінде мұндай шарттар әділ құн бойынша танылады. Бастапқы танылғаннан кейін мұндай шарттар екі шаманың ең үлкені бойынша бағаланады: күтілетін кредиттік шығындар сомасы және танылған жинақталған амортизация орынды болған жағдайда шегеріле отырып, бастапқыда танылған сома.

(ф) Құрылыс жобалары бойынша кепілдік беру туралы шарттар

Құрылыс жобалары бойынша кепілдік беру туралы шарттар тұрғын үй (тұрғын ғимарат) құрылысының аяқталуын кепілдендіруге, кепілдік беру жағдайы басталған кезде оны пайдалануға қабылдауға (оның ішінде құрылыс салушының банкроттығы) және тұрғын үйдегі (тұрғын ғимараттағы) үлестерді үлескерлерге беруге бағытталған. Компания құрылыс жобалары бойынша кепілдік беру туралы шарттарды сақтандыру шарты ретінде қарауға және 4 ХҚЕС (IFRS) "Сақтандыру шартын" әрбір шартқа қатысты жеке қолдануға ниетті, өйткені қызметтің негізгі сипаттамасы оның басталуына сенімсіз көзделген болашақ оқиға болып табылады.

Кепілдік беру жағдайы басталған кезде тұрғын үйдің құрылысын аяқтауға және үлескерлерге тұрғын ғимараттағы үлестерін беруге келісе отырып, Компания екінші Тараптың (бұдан әрі – "Сақтанушы") елеулі сақтандыру тәуекелін өзіне алатын шарттар. Сақтандыру тәуекелі – қаржылық тәуекелден басқа тәуекел. Қаржылық тәуекел – болашақта бір немесе бірнеше белгілі бір сыйақы мөлшерлемелерінің, бағалы қағаздар құнының, тауарлар бағасының, валюта бағамының, бағалар индексінің немесе мөлшерлемелердің, кредиттік рейтингтің немесе кредиттік индекстің немесе қаржылық емес ауыспалылар жағдайында мұндай ауыспалылар шарт тараптарына тән болып табылмайтын жағдайда өзге де ауыспалылардың ықтимал өзгеруі. Сақтандыру шарттары бойынша белгілі бір қаржылық тәуекел де берілуі мүмкін.

Сақтандыру тәуекелі сақтандыру оқиғасы Компанияны қосымша елеулі төлемдерді жүзеге асыруға міндеттей алатын кезде ғана маңызды болып табылады. Шарт сақтандыру шарты ретінде жіктелгеннен кейін, ол барлық құқықтар мен міндеттемелер аяқталғанша немесе орындалғанға дейін сақталады.

(i) Сақтандыру шарттарын тану және бағалау

Кепілдік шарттары бойынша комиссиялар (сақтандыру сыйлықақысы)

Кепілдік шарты кепілдік жарнасын төлеген күннен бастап күшіне енеді. Құрылыс жобалары бойынша кепілдік беру туралы шарт бойынша болашақ кезеңдердің кірістері құрылыс жобалары бойынша кепілдік беру туралы қолданыстағы барлық шарттар бойынша қалыптастырылады және есептеу күніне еңбексіз табылған сыйақы сомасын білдіреді. Алынған комиссиялардың амортизациясы табыс ретінде танылады.

Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер

Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін (ОМШР) және мәлімделген, бірақ реттелмеген талаптар резервін (МРТР) қамтиды.

ОМШР орын алған, бірақ компанияға әлі мәлімделмеген шығындардың есептік құнын тану үшін қалыптастырылады. ОМШР бағалау кезінде Компания қазіргі үрдістерге және сыртқы факторларға, сондай-ақ статистикалық болжамдарға түзету енгізілген өзінің бұрынғы тәжірибесіне сүйенеді.

Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер залалдарды төлеу бойынша міндеттемелер аяқталған, орындалған немесе күші жойылған кезде танылуы тоқтатылады.

(ii) Міндеттемелердің барабарлығын тексеру

Әрбір есепті күнге міндеттемелердің барабарлығына қолда бар тестіні пайдалана отырып, сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелердің барабарлығын бағалау жүзеге асырылады. Міндеттемелердің құны болашақ өтемақы төлемдері мен шығыстарын орындау үшін жеткіліксіз болып табылатын дәрежеде түзетіледі. Тест жүргізу кезінде шығындарды реттеуге арналған шығыстарды және полисті әкімшілендіруге арналған шығыстарды, сондай-ақ осындай міндеттемелерді қамтамасыз ететін активтер бойынша инвестициялық табысты назарға ала отырып, келісімшарт бойынша болашақ ақша ағындарының ең үздік ағымдағы бағалаулары пайдаланылады. Кез келген сәйкессіздік жойылмаған тәуекелдер бойынша резерв құру арқылы пайда мен шығындар туралы есепке жатады.

(x) Акционерлік капитал

(i) Қарапайым акциялар

Қарапайым акциялар меншікті капитал ретінде жіктеледі. Қарапайым акцияның эмиссиясына және акцияны сатып алу опциондарына тікелей байланысты қосымша шығындар меншікті капиталдың кемуі ретінде салық нәтижесін шегере отырып көрсетіледі.

(ii) Меншікті акцияларды сатып алу

Компания өз акцияларын сатып алған жағдайда, осы сатып алуға тікелей байланысты шығындарды қоса алғанда, төленген сома қаржылық есептілікте капиталдың азаюы ретінде көрсетіледі.

(iii) Дивидендтер

Компанияның дивидендтерді жариялау және төлеу мүмкіндігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

Жай акциялар бойынша дивидендтер қаржылық есептілікте олардың жариялануына қарай бөлінбеген пайданы пайдалану ретінде көрсетіледі.

(ц) Салық салу

Табыс салығының сомасына ағымдағы салық сомасы мен кейінге қалдырылған салық сомасы кіреді. Табыс салығы толық көлемде пайда немесе зиян құрамында көрсетіледі, басқа да жиынтық кіріс баптарында және тікелей меншікті капитал құрамында көрсетілетін акционерлермен жүргізілетін операцияларға қатысты сомаларды қоспағанда, олар әрине, басқа да жиынтық кіріс құрамында немесе тікелей меншікті капитал құрамында көрсетіледі.

Ағымдағы табыс салығы есепті күндегі жағдай бойынша қолданылған табыс салығы бойынша мөлшерлемелерді ескерумен бір жылдағы салық салынатын пайда мөлшеріне, сондай-ақ алдыңғы есепті жылдар үшін табыс салығының сомасын анықтау нәтижесінде туындаған міндеттемелер сомасына қарай есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері қаржылық есептілікте көрсетілген деректер мен салық салынатын базаны есептеу мақсаттары үшін пайдаланылатын деректер арасында туындайтын барлық уақытша айырмаларға қатысты баланстық әдісті пайдалана отырып көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері бастапқы көрсетілу фактісі бухгалтерлік те, салық салынатын пайдаға да әсер етпейтін активтер мен міндеттемелерге жататын айырмаға қатысты танылмайды. Кейінге қалдырылған салықтың шамасы есепті күнгі жағдай бойынша қолданыстағы немесе мәні бойынша қолданысқа енгізілген заңдарға негізделі отырып, уақытша айырмаларды қалпына келтіру сәтінде болашақта қолданылатын салық мөлшерлемелеріне сүйене отырып айқындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін есептеу Компанияның есепті кезеңнің соңына активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын өтеуді немесе өтеуді жоспарлап отырған тәсіліне байланысты болатын салық салдарын көрсетеді

Кейінге қалдырылған салық активтері уақытша айырмаларды, салықтар бойынша қабылданбаған шығыстарды және пайдаланылмаған салық жеңілдіктерін жабу үшін жеткілікті салық салынатын пайда болашақта алынатын ықтималдық шамасында көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активтерінің мөлшері шегерілетін уақытша айырмаларды пайдалануға болатын салық салынатын пайданы алу ықтималдығы болмайтын дәрежеде азайтылады

(ч) Сегменттік есептілік

Операциялық сегмент қызметі нәтижелерін сегменттер арасында ресурстарды бөлу кезінде және қаржылық нәтижелерді бағалау кезінде операциялық шешімдер қабылдауға жауапты тұлға үнемі талдайтын, Компания табыс табатын немесе шығыстарды (Компания қызметінің басқа да компоненттерімен операцияларға қатысты кірістер мен шығыстарды қоса алғанда) көтеретін коммерциялық қызметке тартылған Компания қызметінің құрамдарын білдіреді және оған қатысты қаржылық ақпарат қолжетімді болады.

(ш) Жалпы бақылаудағы компаниялардың қосылуын есепке алу

Жалпы бақылаудағы компаниялардың қосылуы бизнесті біріктіруді білдіреді, оған сәйкес барлық біріктірілген бизнес субъектілері, ең ақырында, бизнесті біріктіргенге дейін де, одан кейін де сол Тарап немесе Тараптар бақылайды және бақылау уақытша болмайды.

Компаниялардың жалпы бақылаумен қосылу әсерін Компания қосылатын компаниялардың активтері мен міндеттемелері қосылу күніндегі олардың баланстық құны бойынша бағаланса, қосылумен байланысты транзакциялық шығындар пайда мен шығындар туралы есептегі шығыстарға жатқызылса, өзара теңгерімдер алынып тасталса, төленген/берілген сатып алу бағасы арасындағы кез келген айырма және т. б. шартымен үлестерді біріктіру әдісі бойынша есепке алады. Сатып алынған таза активтердің құны (қаржылық есептілікте ашылғандай олардың баланстық құны бойынша) сатып алушының капиталында танылады.

(ш) Қолданысқа ендірілмеген жаңа стандарттар мен түсіндірмелер

Бірқатар жаңа стандарттар мен стандарттарға түзетулер мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен 2022 жылғы 1 қаңтардан кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Алайда, Компания осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде жаңа және өзгертілген стандарттарға мерзімінен бұрын көшуді жүзеге асырмады.

Стандарттарға келесі түзетулер мен түсіндірулер Компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде:

- Ауыртпалықты шарттар - шартты орындауға арналған шығындар (37 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер).
- Бір келісімнің (12 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер) салдарынан туындайтын активтер мен міндеттемелерге жататын кейінге қалдырылған салық.
- 2021 жылғы 30 маусымнан кейінгі кезеңдерге әсер ететін COVID-19 пандемиясымен байланысты жалға беру бойынша жеңілдіктер (16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету).
- Негізгі құралдар: мақсаты бойынша пайдаланғанға дейінгі түсімдер (16 ХҚЕС (IAS) "Негізгі құралдарға" түзетулер).
- Қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негіздеріне сілтемелер (3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер).
- Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу (1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер).
- 17 ХҚЕС (IFRS) "Сақтандыру шарттары".
- Есеп саясатын ашу (1 ХҚЕС (IAS) және ХҚЕС бойынша 2-практикалық ұсынымдарға түзетулер).
- Бухгалтерлік бағалауды айқындау (8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер).

4 Қаржылық тәуекелдерді талдау

Осы ескертпеде Компанияның қаржылық тәуекелдерге ұшырағыштығы жөніндегі ақпарат ұсынылған. Компанияның қаржы тәуекелдерін басқару бойынша қолданатын саясаты туралы ақпарат 24-ескертпесінде ұсынылған.

Кредиттік тәуекел – күтілетін кредиттік залал сомасы

Құнсыздануды бағалау үшін қолданылған бастапқы деректер, жорамалдар мен әдістер

Есеп саясатының сипатталуын 3(д)(iii) ескертпесінен қараңыз

Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай жоғарылауы

Қаржы құралын бастапқы таныған сәттен бастап ол бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуы орын алған-алмағанын бағалаған кезде, Компания шектен тыс күш салусыз қол жетімді болатын негізделген және расталатын ақпаратты қарастырады. Бағалау сандық және де сапалы ақпаратты, сондай-ақ Компанияның тарихи тәжірибесіне, кредит сапасының сараптамалық бағалауына және болжамдық ақпаратқа негізделген талдауды қамтиды.

Бағалау мақсаты – кредиттік тәуекелге ұшырайтын жайғасымға қатысты кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуының орын алған-алмағанын салыстыру арқылы анықтау:

- есептік күніндегі жағдай бойынша бүкіл мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт ықтималдығы; және
- кредиттік тәуекелге ұшыраған жайғасымды бастапқы таныған кезде осы уақытқа қатысты есептелген бүкіл мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт ықтималдығы (бұл орынды болса, мерзімнен бұрын өтеуге қатысты өзгерістерді ескере отырып түзетілген).

Кредиттік тәуекелдерді саралау деңгейлері

Компания кредиттік тәуекелге ұшырайтын әр жайғасымға дефолт тәуекелін болжамдау үшін қолданылатын түрлі деректер негізінде, сондай-ақ кредит сапасына қатысты сараптамалық пайымдау арқылы кредиттік тәуекелдің тиісті рейтингін береді. Кредиттік тәуекелдеңгейлері дефолт тәуекелін көрсететін сапалық және сандық факторларды пайдалана отырып анықталады. Бұл факторлар кредиттік тәуекелге ұшырайтын жайғасым сипатына және қарыз алушы типіне байланысты өзгереді.

Кредиттік тәуекел деңгейі дефолттың болу тәуекелі кредиттік тәуекелдің нашарлауы шамасына қарай экспоненциалды артатындай түрде анықталады және ауытқиды - мысалы, кредиттік тәуекелдің 1-ші және 2-ші рейтингтері арасындағы дефолт тәуекеліндегі айырмашылық кредиттік тәуекелдің 2-ші және 3-ші рейтингтері арасындағы айырмашылықтан төмен.

Кредиттік тәуекелге ұшырайтын әрбір жайғасым қарыз алушы туралы қолда бар ақпарат негізінде бастапқы тану күніндегі кредиттік тәуекелдің белгілі бір рейтингісіне жатқызылады. Кредиттік тәуекелге ұшырайтын жайғасымдарды тұрақты түрде мониторингілеп тұру керек, бұл жайғасымға бастапқы таныған кездегі кредиттік тәуекелдің рейтингінен ерекше рейтинг беруге алып келуі мүмкін

Мониторинг әдетте келесі деректерді талдауды қамтиды:

Кредиттік тәуекелге ұшырайтын жайғасымдар (корпоративтік клиенттер)	Кредиттік тәуекелге ұшырайтын жайғасымдар (корпоративтік және бөлшек клиенттер)
<ul style="list-style-type: none"> • Қарыз алушылар туралы ақпаратты мерзімді негізде талдау нәтижесінде алынған ақпарат - мысалы, аудиттелген қаржылық есептілік, басқарушылық есептілік, бюджеттер, болжамдар мен жоспарлар; • Кредиттік рейтингтік агенттіктердің деректері, баспасөздегі жарияланымдар, сыртқы кредиттік рейтингтердің өзгеруі туралы ақпарат; • Егер ақпарат қолжетімді болса, эмитенттердің облигацияларының және кредиттік дефолт своптарының баға белгілеулері; • Қарыз алушының қызметін немесе оның шаруашылық қызметін жүзеге асырудың саяси, нормативтік және технологиялық ортасындағы нақты және күтілетін елеулі өзгерістер. 	<ul style="list-style-type: none"> • Мерзімі өткен берешектің мәртебесі туралы ақпаратты қоса алғанда, төлемдер туралы ақпарат; • Кредиттік келісімдердің шарттарын қайта қарауға сұрау салулар және сұрау салуларды қанағаттандыру; • Қаржылық, экономикалық жағдайлардың және қызметті жүзеге асыру шарттарының ағымдағы және болжамды өзгерістері.

Дефолт ықтималдығының уақытша құрылымын жасау

Кредиттік тәуекел рейтингтері кредиттік тәуекелге ұшырайтын жайғасымдар үшін дефолт ықтималдығының уақытша құрылымын жасаған кезде әдепкі бастапқы деректер болып табылады. Компания юрисдикцияға немесе өңірге тәуелді, өнім мен қарыз алушы типіне, сондай-ақ кредиттік тәуекел рейтингісіне тәуелді талданатын кредиттік тәуекелге ұшырайтын жайғасымдарға қатысты дефолт деңгейі мен берешекке қызмет көрсету туралы мәліметтер жинайды.

Кейбір портфельдер үшін сыртқы кредиттік рейтингтік агенттіктерінен алынған ақпарат та пайдаланылады.

Компания жинақталған деректерді талдау және қалған кезең үшін кредиттік тәуекелге ұшырайтын жайғасымдар үшін дефолт ықтималдығы және олардың уақыт өте келе өзгеруін бағалау үшін статистикалық модельді пайдаланады.

Бұл талдау дефолт деңгейінің өзгеруі мен негізгі макроэкономикалық факторлардың өзгеруі арасындағы өзара байланысты анықтауды және калибрлеуді, сондай-ақ кейбір басқа факторлардың (мысалы, кредиттік келісімдердің шарттарын қайта қарау практикасы) дефолт тәуекеліне әсерін жан-жақты талдауды қамтиды. Кредиттік тәуекелге ұшыраған позициялардың көпшілігі үшін негізгі макроэкономикалық көрсеткіш ЖІӨ-нің өсуі болып табылады.

Компания болжамды ақпаратты бағалау кезінде сараптамалық пікірді пайдаланады. Бұл бағалау соның ішінде сыртқы көздерден алынған ақпаратқа негізделеді (болжамды ақпаратты қосу туралы төмендегі ақпаратты қараңыз). Компания бұл болжамдарды дефолт ықтималдығын бағалауды түзету үшін қолданады.

Компания қамтамасыз етудің бағалау құнын кредит берілген күнге жылжымайтын мүлік объектілері құнының шамамен алғандағы өзгерістерін ескере отырып, оның ағымдағы құнына дейін қайта қарайды. Компания сондай-ақ құнсыздану белгілері туындаған жағдайда әрбір есепті күнгі жағдай бойынша қамтамасыз етуге жеке бағалау жүргізуі мүмкін.

Алып қойылған қамтамасыз ету

Компания бөлшек клиенттерге берілген несиелерді қамтамасыз етуді бақылау арқылы белгілі бір активтерді сатып алды. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мұндай активтердің баланстық құны 222,755 мың теңгені құрады (2020 жылы: 222,755 мың теңге).

Компанияның саясаты көрсетілген активтерді қысқа мерзімде сатуды көздейді.

(г) Клиенттерге берілген кредиттердің және заңды тұлғаларға берілген жылжымайтын мүлікті бөліп төлеуге сатудан түскен ұзақ мерзімді дебиторлық берешектің сапасы

	2021 жылғы 31 желтоқсан			
	1-саты	2-саты	3-саты	Жиыны
Берілген кредиттер				
"BBB" ішкі рейтингі берілген "Елорда құрылыс компаниясы" ЖШС	39,186,022	-	-	39,186,022
Бөліп төлеуге сату бойынша дебиторлық берешек				
"ССС" ішкі рейтингі берілген "Мега Плаза" ЖШС	-	27,534,795	-	27,534,795
ЭКСПО – 2017 ХМК аумағында орналасқан пәтерлерді сатудан ұзақ мерзімді дебиторлық берешек				
"КҚК" ішкі рейтингі берілген "Astana IT University" ЖШС	3,537,490	-	-	3,537,490
"D" ішкі рейтингі берілген "Umit fund" КЕҰ	-	-	568,175	568,175
Жылжымайтын мүлікті бөліп төлеуге сатудан берілген кредиттердің және дебиторлық берешектің жиынтығы	42,723,512	27,534,795	568,175	70,826,482
Залалдарға арналған бағалау резерві	(166,698)	(5,584,314)	(248,462)	(5,999,474)
	42,556,814	21,950,481	319,713	64,827,008

	2020 жылғы 31 желтоқсан			
	1-саты	2-саты	3-саты	Жиыны
Берілген кредиттер				
"ВВВ" ішкі рейтингі берілген "Елорда құрылыс компаниясы" ЖШС	36,053,386	-	-	36,053,386
Бөліп төлеуге сату бойынша дебиторлық берешек				
"ССС" ішкі рейтингі берілген "Мега Плаза" ЖШС	-	27,245,018	-	27,245,018
ЭКСПО – 2017 ХМК аумағында орналасқан пәтерлерді сатудан ұзақ мерзімді дебиторлық берешек				
"ВВВ" ішкі рейтингі берілген "Жекпе-жек Конфедерациясы" ФА ЗТБ	1,375,619	-	-	1,375,619
"ССС" ішкі рейтингі берілген "Астана IT University" ЖШС	2,479,006	-	-	2,479,006
"D" ішкі рейтингі берілген "Umit fund" КЕҰ	-	-	501,380	501,380
Жылжымайтын мүлікті бөліп төлеуге сатудан берілген кредиттердің және дебиторлық берешектің жиынтығы	39,908,011	27,245,018	501,380	67,654,409
Залалдарға арналған бағалау резерві	(2,553,827)	(2,261,569)	(219,253)	(5,034,649)
	37,354,184	24,983,449	282,127	62,619,760

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған кезең ішінде "Мега Плаза" ЖШС 1,441,752 мың теңге сомасында негізгі борыш пен сыйақы төлеуді жүргізді (2020 жыл: 1,357,077 мың теңге).

ЭКСПО-2017 ХМК аумағында орналасқан жеке және заңды тұлғалар үшін бөліп-бөліп төленетін пәтерлерді сату ұзақ мерзімді дебиторлық берешек кепіл ретінде тіркелген сатылған жылжымайтын мүлікпен (пәтерлер, паркингтер) қамтамасыз етілгенін көздейді.

Жеке тұлғалар үшін төлемді бөліп-бөліп төлеу арқылы іске асыру тетігі мынадай талаптарды көздейді: бастапқы жарна кемінде 20%, кепілдік жарна кемінде үш ай сайынғы төлем, сыйақы мөлшерлемесі жылдық 3%, мерзімі 12 жыл, шарт талаптарында ішінара – мерзімінен бұрын және толық мерзімінен бұрын өтеу, комиссия алмай-ақ көзделген.

Заңды тұлғалар үшін төлемді бөліп-бөліп төлеу арқылы іске асыру тетігі мынадай талаптарды көздейді: сыйақы мөлшерлемесі жылдық 2%, мерзімі 10 жыл, шарт талаптарында ішінара – мерзімінен бұрын және толық мерзімінен бұрын өтеу, комиссия алмай-ақ көзделген.

Жеке тұлғалар үшін төлемді бөліп-бөліп төлеу шарттары бойынша ақша ағындарын дисконттау үшін Компания бастапқы тану кезінде 14.3% нарықтық мөлшерлемені қолдана отырып, екінші деңгейдегі банктердің жеке тұлғалары үшін ипотекалық кредиттеу бойынша орташа мөлшерлемені пайдаланды.

Заңды тұлғалар үшін бөліп төлеу шарттары бойынша ақша ағындарын дисконттау үшін Компания 2019 жылғы тамыздағы білім беру саласындағы экономикалық қызмет түрлері бойынша банктер берген ұзақ мерзімді кредиттер бойынша "ҚР Ұлттық Банкі" РММ статистикасын пайдаланды және бастапқы тану кезінде 14.02% нарықтық мөлшерлемесін қолданды.

"Елорда құрылыс компаниясы" ЖШС-мен және Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігімен "Нұрлы жер" бағдарламасына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласындағы проблемалық тұрғын үй құрылысы объектілерін аяқтауды қаржыландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан қаражат беру туралы жасалған нысаналы қарыз шарттары берілді. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі "Елорда құрылыс компаниясы" ЖШС-нің Компания алдындағы мақсатты қарыз шарты, оның ішінде негізгі қарызды қайтару және сыйақыны төлеу бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша "Umit fund" КЕҰ-дан 492 күн мерзімге кешіктірілген (2020 жылғы 31 желтоқсан: 501,380 мың теңге, 118 күн мерзімге кешіктірілген) 568,175 мың теңге сомасындағы ұзақ мерзімді дебиторлық берешекті қоспағанда, заңды тұлғалардан берілген қарыздар және ұзақ мерзімді дебиторлық берешек мерзімі өткен күні жоқ). "Мега Плаза" ЖШС берген қарыз нарықтық құны қарыздың теңгерімдік құнынан асатын жылжымайтын мүлікпен (Нұр-Сұлтан қаласындағы сауда-ойын-сауық орталығы) қамтамасыз етілді. Заңды тұлғаларға берілген жылжымайтын мүлікті бөліп төлеуге сатудан түскен кредиттер мен дебиторлық берешек бойынша залалдарға бағалау резерві қалдықтарының өзгеруі төменде берілген:

	2021 жылғы 31 желтоқсан			Жиыны
	1-саты 12 айлық күтілетін кредиттік залалдар	2-саты Кредиттік- құнсызданған болып табылмайтын активтер бойынша бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар	3-саты Кредиттік- құнсызданған болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар	
мың теңге				
<i>Заңды тұлғаларға берілген жылжымайтын мүлікті бөліп төлеуге сатудан түскен кредиттер және ұзақ мерзімді дебиторлық берешек</i>				
Жыл басындағы қалдық	2,553,828	2,261,569	219,252	5,034,649
Залалдар үшін бағалау резервінің таза өзгеруі	(2,387,130)	3,322,745	29,210	964,825
Жыл соңындағы қалдық	166,698	5,584,314	248,462	5,999,474

	2020 жылғы 31 желтоқсан			Жиыны
	1-саты 12 айлық күтілетін кредиттік залалдар	2-саты Кредиттік- құнсызданған болып табылмайтын активтер бойынша бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар	3-саты Кредиттік- құнсызданған болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар	
мың теңге				
<i>Заңды тұлғаларға берілген жылжымайтын мүлікті бөліп төлеуге сатудан түскен кредиттер және ұзақ мерзімді дебиторлық берешек</i>				
Жыл басындағы қалдық	-	-	-	-
ДБ АҚ-мен біріктіру нәтижесінде сатып алынған (27-ескертіле)	90,303	2,486,685	-	2,576,988
Залалдар үшін бағалау резервінің таза өзгеруі	2,463,525	(225,116)	219,252	2,457,661
Жыл соңындағы қалдық	2,553,828	2,261,569	219,252	5,034,649

Заңды тұлғаларға берілген кредиттер және жылжымайтын мүлікті бөліп төлеуге сатудан түскен ұзақ мерзімді дебиторлық берешек бойынша шығындарға бағалау резервін бағалау кезіндегі негізгі жорамалдар мен пайымдаулар

Заңды тұлғаларға берілген кредиттер және жылжымайтын мүлікті бөліп төлеуге сатудан түскен ұзақ мерзімді дебиторлық берешек бойынша шығындарға арналған бағалау резервінің мөлшерін айқындау кезінде басшылық мынадай жорамалдар жасады:

- "Мега Плаза" ЖШС бойынша бөліп төлеуге сату бойынша дебиторлық берешек бойынша қамтамасыз етуді іске асырудан түсетін түсімдерді алу кезіндегі кідіріс 36 ай;
- несиелік сапаның 1 және 2-сатыларына жатқызылған несиелер мен дебиторлық берешек бойынша LGD деңгейі 36.6% - дан 57.7% - ға дейін болды;
- "Umit fund" КЕҰ бойынша пәтерлерді сатудан түскен кредиттік сапаның 3-сатысына жатқызылған ұзақ мерзімді дебиторлық берешек бойынша LGD деңгейі 43.7%-ды құрады;
- кредиттік сапаны есепке алу бойынша 1-сатыға жатқызылған кредит бойынша PD деңгейі қарыз алушының ішкі рейтингінің деңгейіне байланысты 0.26% - ды, кредиттік сапаның 1 және 2-сатыларына жатқызылған дебиторлық берешек бойынша 8.5% - 55.5% - ды құрады.

Жоғарыда келтірілген бағалардың өзгеруі кредиттер бойынша күтілетін кредиттік шығындар резервінің шамасына әсер етуі мүмкін. Мысалы, ағымдағы сәтке келтірілген ақша қаражатының болжамды ағындарының таза құнының шамасы плюс/минус бір пайызға өзгерген кезде заңды тұлғаларға берілген кредиттер және жылжымайтын мүлікті бөліп төлеуге сатудан түскен ұзақ мерзімді дебиторлық берешек бойынша залалға арналған бағалау резервінің мөлшері 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 648,270 мың теңгеге төмен/жоғары болар еді (2020 жылғы 31 желтоқсан: 626,198 мың теңге).

Есепті күні Компанияның шығындарына арналған бағалау резервінің есептері былайша түзетілді:

- 1) "Елорда құрылыс компаниясы" ЖШС кредиті бойынша бағалау резервін есептеу кезінде есепке Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің кепілдігі қабылданды, бұл 1-сатыда күтілетін кредиттік залалдар сомасының айтарлықтай төмендеуіне әкелді;
- 2) "Мега Плаза" ЖШС бойынша бөліп төлеуге сату бойынша дебиторлық берешек бойынша кепілмен қамтамасыз етуді бағалау жүзеге асырылды, бұл 2-сатыда күтілетін кредиттік залалдар сомасының ұлғаюына әкелді.

Болжамды ақпаратты қосу

Компания болжамды ақпаратты қаржы құралын бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелді елеулі арттыру мәніне бағалауға да, сол сияқты күтілетін кредиттік залалдарды бағалауға да қосады. Компания болжамды ақпаратты бағалау үшін сараптамалық пікірді қолданады. Бұл бағалау сыртқы көздерден алынған ақпаратқа негізделген.

Сыртқы ақпарат Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Ұлттық экономика министрлігі сияқты Компания өз қызметін жүзеге асыратын елдердің мемлекеттік органдары мен ақша-кредит реттеу органдары жариялайтын экономикалық деректер мен болжамдарды, сондай-ақ жекелеген жеке және ғылыми болжамдарды қамтуы мүмкін.

Компания қаржы құралдарының әрбір портфелі бойынша кредиттік тәуекел мен кредиттік шығындарды бағалауға әсер ететін негізгі факторлардың тізбесін айқындап, құжат жүзінде ресімдеді және тарихи деректерді талдауды пайдалана отырып, макроэкономикалық өзгерістер, кредиттік тәуекел мен кредиттік шығындар арасындағы өзара байланысты бағалады.

Дефолт деңгейі бойынша жеткілікті тарихи базаның жоқтығын ескере отырып, Компания экономикалық сценарийлер бойынша ақпарат көзі ретінде рейтингтік агенттіктердің деректерін анықтады. Сценарийлер үнемі жаңартылып отырады және несиелік тәуекелдер деңгейін бағалау кезінде қолданылады.

Қаржы активтерінің әртүрлі портфельдері бойынша негізгі көрсеткіштің, дефолт оқиғаларының және шығындар деңгейінің болжамды арақатынасы рейтингтік агенттіктердің соңғы 30-40 жылдағы тарихи деректерін талдау негізінде әзірленді.

(д) Активтерді секьюриттеу

2021 және 2020 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиенттерге берілгеннемесе Компания шығарған борыштық бағалы қағаздарды қамтамасыз ету ретінде қызмет еткен серіктестерден сатып алынған несиелер болған жоқ.

(е) Қарыздарды өтеу мерзімдері

Кредиттік портфельді құрайтын кредиттерді өтеу мерзімдері есепті күнгі жағдай бойынша 24(д) ескертпеде ұсынылған және кредиттік шарттар бойынша есепті күннен бастап өтеу күніне дейінгі уақыт кезеңдерін білдіреді.

16 Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек

2021 және 2020 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жалға берілетін таза инвестициялардың құрамдауыштары мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

мың теңге	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
Бір жылдан аз	13,224,021	13,358,281
1-ден 2 жылға дейін	13,137,313	13,340,144
2-ден 3 жылға дейін	13,135,739	13,327,935
3-тен 4 жылға дейін	13,128,349	13,326,316
4-тен 5 жылға дейін	13,123,412	13,317,062
Бес жылдан аса	<u>134,623,193</u>	<u>146,913,557</u>
Ең төменгі жалгерлік төлемдері	<u>200,372,027</u>	<u>213,583,295</u>
Еңбекпен табылмаған қаржылық кірісті шегергенде:		
Бір жылдан аз	(4,470,977)	(4,750,055)
Бір жылдан бес жылға дейін	(16,841,717)	(18,103,166)
Бес жылдан аса	<u>(19,835,824)</u>	<u>(23,237,423)</u>
Еңбекпен табылмаған қаржылық кірісті шегергенде	<u>(41,148,518)</u>	<u>(46,090,644)</u>
Минус: құнсыздануға арналған резерв	<u>(5,592,696)</u>	<u>(3,222,087)</u>
Қаржылық жалдауға таза инвестициялар, жиыны	<u>153,630,813</u>	<u>164,270,564</u>

Компания тұрғын үй кешендерін "Нұрлы Жер" бағдарламасына және "Меншікті бағдарламасына" сәйкес жалға береді.

Компания осы жалдау шарттарын 16 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес қаржылық жалгерлік ретінде жіктейді, өйткені жалгерлік мерзімінің соңына қарай активтерді иелену құқығы жалға алушыға өтеді және жалгерлік мерзімінің басында ең төменгі жалгерлік төлемдерінің ағымдағы құны жалға алынатын активтің барлық әділ құнын құрайды.

"Меншікті бағдарлама" бойынша қаржылық жалгерлік шарттарының 20 жылға дейінгі өтеу мерзімдері және номиналды сыйақы мөлшерлемелері 11.50% және 13.00% болады. "Нұрлы Жер" бойынша қаржылық жалгерлік шарттарының өтеу мерзімі 20 жыл және Алматы және Астана қалаларында 1 ш. м. үшін 1,120 теңге мөлшерінде, қалған өңірлерде 1 ш. м. үшін 924 теңге мөлшерінде айлық жалгерлік төлемдерінің шекті лимиттерін көздейді. "Нұрлы Жер" бағдарламасы бойынша жалгерлік шарттармен берілетін сыйақының болжамды мөлшерлемесі 3,1 %-ды құрайды.

Қамтамасыз етуді талдау

Келесі кестеде қамтамасыз ету түрлері бойынша 2021 және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешекке қатысты (құнсыздануға арналған резервті шегергенде) кредиттің сапасын арттырудың жалға алынған активтері мен басқа да құралдарын қамтамасыз ету туралы ақпарат берілген.

17 Қаржылық жалгерлік шарттары бойынша беруге жататын активтер

Қаржылық жалгерлік шарттары бойынша берілуге жататын активтерге Компания 2022 жылы жалға алушыларға беруді жоспарлап отырған есепті кезең ішінде сатып алған тұрғын үй кешендері кіреді.

Активтердің негізгі үлесі "Нұрлы жер" бағдарламасы бойынша берілуге жататын активтерге жатады.

2021 жылы Компания сатып алған ең ірі шағын аудандар Нұр-Сұлтан қаласында жалпы сомасы 1,218,271 мың теңгеге (2020 жылы: Нұр-Сұлтан және Қарағанды қалаларындағы шағын аудандар жалпы сомасы 2,652,601 мың теңгеге) орналасқан.

18 Аяқталмаған құрылыс

Аяқталмаған құрылыс компанияның Қазақстанның түрлі өңірлерінде тұрғын үй салу кезінде шеккен капиталдандырылған шығындарын білдіреді. Компания тұрғын үйді жалға беруді "Нұрлы жер" бағдарламасында айқындалған шарттарға сәйкес қаржылық жалдау шарттарын жасасу арқылы жүзеге асырады.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Нұр-Сұлтан қаласында 811,035 мың теңге сомасында орналасқан позиция (2020 жылы: Қарағанды қаласында 14 шағын ауданда 1,099,726 мың теңге сомасында орналасқан позиция) ірі құрылыс жобасы болып табылады.

19 Борыштық бағалы қағаздар шығарылған

2021 және 2020 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығарылған борыштық бағалы қағаздар теңгемен көрсетілген облигациялардан тұрды.

Эмиссия	Өтеу мерзімі	Купонның номиналды мөлшерлемесі	Тиімді мөлшерлеме	2021 ж. мың теңге	2020 ж. мың теңге
KZ2C00006641	09.04.2024	4.05%	10.64%	159,092,838	162,297,012
KZ2C00006807	25.06.2030	6.02%	12.94%	137,130,083	132,772,391
KZ2C00006815	14.08.2031	6.02%	12.45%	134,473,473	130,781,398
KZ2C00007094	29.12.2032	6.02%	11.41%	73,161,133	65,683,297
KZ2C00006823	22.10.2032	6.02%	12.17%	65,120,280	63,552,860
KZ2C00006831	22.10.2032	6.02%	12.17%	65,120,280	63,552,859
KZ2C00007839	27.10.2031	7.02%	10.75%	39,601,636	-
KZ2C0Y10F013/					
KZ2C00003333	15.12.2027	10.50%	10.28%	30,402,196	30,433,345
KZ2C00006393	24.02.2026	10.25%	11.00%	30,276,668	-
KZX000000054	28.12.2033	9.58%	9.58%	20,973,967	20,973,967
KZ2C00004356/					
KZ2C0Y20F889	21.06.2049	2.99%	12.09%	172,931	170,880
KZ2C00007086	01.04.2051	0.10%	11.07%	71,883	-
KZ2C00004349	06.08.2050	0.10%	12.41%	20,851	19,004
KZ2C00005973	28.06.2029	9.75%	10.35%	-	41,982,500
KZ2C00006179	29.08.2029	10.00%	10.12%	-	25,847,222
				755,618,219	738,066,735

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде "жұмыспен қамту 2020-2021 жж. жол картасы" бағдарламасы шеңберінде өңірлерде инфрақұрылымды және бизнесті дамыту мақсаттары үшін шығарылатын жергілікті атқарушы органдардың борыштық бағалы қағаздарын сатып алу үшін инвестициялар тарту мақсатында Компания Қазақстан қор биржасында (KASE) 50,000,000 бірлік мөлшерінде 1 мың теңге бағасымен айналым мерзімі 10 жылды құрайтын облигацияларды шығаруды жүзеге асырды. Облигациялар бойынша купондық мөлшерлеме жылдық 7.02% құрайды. Сыйақы төлеу - жылына 1 рет. Облигациялар Компанияның теңгерімінде жылдық 10.75% нарықтық мөлшерлемені пайдалана отырып есептелген әділ құны бойынша 38,900,500 мың теңгеге тең деп танылды, номиналды және әділ құны арасындағы 11,099,500 мың теңге мөлшеріндегі айырмашылық мемлекеттік субсидия түрінде танылды және жергілікті атқарушы органдардың облигацияларын сатып алу кезінде пайдаланылды (21-ескертпе).

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Компания облигациялардың айналым мерзімін облигациялардың айналымы басталған күннен бастап екі жылдан төрт жылға дейін ұлғайту бөлігінде облигациялардың үшінші шығарылымының проспектісіне өзгерістер енгізді. Облигациялар жылдық 10.64% нарықтық мөлшерлемені пайдалана отырып есептелген әділ құн бойынша танылды, номиналдық құн мен 14,699,851 мың теңге мөлшеріндегі әділ құн арасындағы айырма 2022 жыл ішінде пайдалану жоспарланып отырған мемлекеттік субсидия түрінде танылды (21-ескертпе).

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 69 қаулысымен бекітілген Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасына сәйкес Компания жылдық 0.1% мөлшерінде белгіленген мөлшерлеменімен 1,303,774 мың теңге сомасында купондық облигацияларды орналастырды. Облигациялар жылдық 11.07% нарықтық мөлшерлемені пайдалана отырып есептелген 67,496 мың теңге әділ құны бойынша танылды, номиналдық құны мен 1,236,278 мың теңге мөлшеріндегі әділ құны арасындағы айырма мемлекеттік субсидия түрінде танылды (21-ескертпе).

Есепті кезең ішінде Компания 65,000,000 мың теңге сомасында шығарылған облигациялар бойынша негізгі борышты мерзімінен бұрын өтеген.

20 Басқа да тартылған қаражат

	2021 ж. мың теңге	2021 ж. мың теңге
"Бәйтерек" Ұлттық басқарушы холдингі " АҚ-нан қарыз	192,013,579	203,134,956
Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған ұзақ мерзімді қарыздар	20,279,400	-
Қазақстан Республикасының Үкіметі алдындағы берешек	5,724,636	5,308,951
Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің алдындағы берешек	147,217	203,779
	<u>218,164,832</u>	<u>208,647,686</u>

2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тартылған басқа да қаражат ҚР Президентінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 1030 Жарлығына сәйкес қабылданған инфрақұрылымды дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған "Нұрлы жол" мемлекеттік бағдарламасы және "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-дан алынған кредиттерді қамтыды. 2014 жылғы 28 маусымдағы № 728 қаулысымен бекітілген "Нұрлы жер" тұрғын үй құрылысы бағдарламасына жалға берілетін және кредиттік тұрғын үй салу және сатып алу бөлігінде интеграцияланған. "Нұрлы жер" бағдарламасына сәйкес, қарыздың нысаналы мақсаты құрылысты қаржыландыру және оны қаржылық жалгерлік шарттары бойынша жалға беру үшін мүлікті сатып алу болып табылады. Осы қарыздар бойынша номиналды сыйақы мөлшерлемесі 2045 жылғы қаңтарда, 2046 жылғы қаңтарда және 2046 жылғы маусымда өтеу күнімен жылдық 0.15% - ды құрайды. Негізгі сома өтеу мерзімі басталған кезде өтелуге жатады. Бастапқы тану кезінде бұл қарыздар 6.9% - дан 8.0% - ға дейін түрленетін тиісті есептік нарықтық сыйақы ставкаларын қолдана отырып, Шартқа сәйкес қарыз бойынша болашақ ақша ағындарын дисконттау жолымен есептелген әділ құн бойынша танылды. Осы кредиттер бойынша дисконт мемлекеттік субсидия ретінде танылды (21-ескертпе).

2021 жылы компания Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңестің ұсынымдарын ескере отырып, Бас компаниядан алынған қарыздарды өтеу мерзімдерін ұзарту жөнінде қосымша келісімдер жасады. Келісім шарттарының айтарлықтай өзгертілуіне байланысты Компания ескі қарыздарды мойындауды тоқтатты және жаңа қаржылық міндеттемелерді мойындады. Тиісінше, қарыздар жылдық 11.04% және 11.03% нарықтық сыйақы мөлшерлемелерін пайдалана отырып, қосымша келісімдер жасалған күні әділ құнға келтірілді, бұл кейінге қалдырылған салықтарды шегергенде, меншікті капиталдағы бөлінбеген пайда шоттарында тікелей 20,430,465 мың теңге мөлшеріндегі шарттардың түрленуінің әсерін тануға алып келді, өйткені басшылық қосымша қандай да бір талаптарсыз нарықтан төмен сыйақы мөлшерлемелері бойынша Компанияға көрсетілген қаржыландыру құралдарын көрсете отырып, бас компанияның акционері ретінде белгіледі.

2021 жыл ішінде халықты қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру және мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде жергілікті атқарушы органдардың облигацияларын сатып алу мақсатында Компания Еуразиялық Даму Банкінен жалпы сомасы 3,500,000 мың Ресей рубліне, жылдық 7.5% сыйақы мөлшерлемесімен және 2026 жылғы қараша және желтоқсан айында өтеу күндерімен Ресей рублімен деноминацияланған қарыздарды тартуды жүзеге асырды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің алдындағы берешек екінші деңгейдегі банктерден ипотекалық қарыздарды сатып алу үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен 2007 жылғы желтоқсанда алынған кредитті білдіреді. Осы кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесі жылдық 0.1% құрайды және негізгі сома 2027 жылғы желтоқсанда өтеу мерзімі басталған кезде өтелуге жатады. Бастапқы тану кезінде кредиттің әділ құны жылдық 8% - ды құраған Компания үшін қарыздар бойынша ұзақ мерзімді нарықтық мөлшерлемеге қатысты басшылықтың бағаларын пайдалана отырып, Шартқа сәйкес кредит бойынша болашақ ақша ағындарын дисконттау арқылы есептелген.

2020 жылғы желтоқсанда Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі мен Компания арасында жасалған кредиттік шартқа сәйкес одан әрі жеке тұлғаларға 3,1% мөлшерлеменен кредитке беру үшін "Махаббат-2" ТК-ден пәтерлер сатып алуға 478,500 мың теңге мөлшерінде жасалды. Осы қарыз бойынша номиналды сыйақы мөлшерлемесі 2037 жылғы желтоқсанда өтеу күнімен жылдық 0.15% -ды құрайды.

Қарыз Компанияның теңгерімінде жылдық 10,13% нарықтық сыйақы мөлшерлемесін пайдалана отырып есептелген әділ құны 203,456 мың теңгеге тең болып танылды, номиналды және әділ құны арасындағы 275,044 мың теңге мөлшеріндегі айырмашылық мемлекеттік субсидия түрінде танылды (21-ескертпе).

2021 жылы Компания Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігінен алынған қарыздарды өтеу мерзімдерін он жеті жылдан отыз жылға дейін ұзарту бойынша қосымша келісім жасады. Келісім шарттарының айтарлықтай өзгертілуіне байланысты Компания ескі қарызды мойындауды тоқтатты және жаңа қаржылық міндеттемені таныды. Тиісінше, қарыз жылдық 10.18% нарықтық сыйақы мөлшерлемесін пайдалана отырып, қосымша келісім жасалған күнгі әділ құнға келтірілді, бұл мемлекеттік субсидия түрінде 69,376 мың теңге мөлшерінде шарттарды модификациялаудың әсерін тануға әкелді (21-ескертпе).

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде қаржылық қызметтен міндеттемелер мен ақша ағындарының өзгерістерін салыстырып тексеру:

	Міндеттемелер		
	Борыштық бағалы қағаздар шығарылған	Басқа да тартылған қаражат	Жиыны
мың теңге			
2021 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	738,066,735	208,647,686	946,714,421
Қаржылық қызметтен түскен ақша ағындарына байланысты өзгерістер			
Борыштық бағалы қағаздар шығарудан түсетін түсімдер	80,467,812	-	80,467,812
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды сатып алу/өтеу	(65,000,000)	-	(65,000,000)
Банктерден тартылған қаражаттың түсімі	-	20,370,000	20,370,000
Қаржылық қызметтен түскен ақша ағындарына байланысты барлық өзгерістер	15,467,812	20,370,000	35,837,812
Пайыздық шығын	82,337,804	15,753,780	98,091,584
Мерзімнің өзгеруіне байланысты дисконт сомасын қайта есептеу	(14,699,851)	(25,607,458)	(40,307,309)
Төленген сыйақы	(53,218,503)	(786,599)	(54,005,102)
Қаржы құралдарын нарықтықтан төмен/жоғары мөлшерлемелер бойынша бастапқы тану кезінде туындайтын айырмалар (21-ескертпе)	(12,335,778)	-	(12,335,778)
Валюта бағамының өзгеруі және өзге де өзгерістер	-	(212,577)	(212,577)
2021 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	755,618,219	218,164,832	973,783,051

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде қаржылық қызметтен міндеттемелер мен ақша ағындарының өзгерістерін салыстырып тексеру:

мың теңге	Міндеттемелер		Жиыны
	Борыштық бағалы қағаздар шығарылған	Басқа да тартылған қаражат	
2020 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	67,683,718	33,389,460	101,073,178
Қаржылық қызметтен түскен ақша ағындарына байланысты өзгерістер			
Борыштық бағалы қағаздар шығарудан түсетін түсімдер	500,479,994	478,500	500,958,494
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды сатып алу/өтеу	(16,507,000)	-	(16,507,000)
Қаржылық қызметтен түскен ақша ағындарына байланысты барлық өзгерістер	483,972,994	478,500	484,451,494
Пайыздық шығын	32,276,294	8,009,473	40,285,767
Біріктіру нәтижесіндегі түсімдер (27-ескертпе)	349,766,392	167,474,423	517,240,815
Төленген сыйақы	(10,098,844)	(429,126)	(10,527,747)
Қаржы құралдарын нарықтықтан төмен/жоғары мөлшерлемелер бойынша бастапқы тану кезінде туындайтын айырмалар (21-ескертпе)	(185,533,819)	(275,044)	(185,808,863)
2020 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	738,066,735	208,647,686	946,714,421

21 Мемлекеттік субсидиялар

	2021 ж.	2020 ж.
	мың теңге	мың теңге
Жыл басындағы жағдай бойынша қалдық	197,563,476	98,052,131
Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігінен алынған қарыз бойынша субсидияның пайда болуы (20-ескертпе)	69,376	275,044
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша дисконт түріндегі мемлекеттік субсидияның туындауы (19-ескертпе)	27,035,629	185,533,819
ЖАО облигациялары бойынша мемлекеттік субсидияны пайдалану (14-ескертпе)	(36,877,285)	(181,589,459)
ЖАО облигацияларын ішінара мерзімінен бұрын өтеуге байланысты дисконтты қайта есептеу (14-ескертпе)	2,607,192	200,474
Біріктіру нәтижесінде кезең ішінде сыйақының төмен мөлшерлемесі бойынша алынған қарыздар бойынша мемлекеттік субсидиялар (27-ескертпе)	-	100,868,263
Жыл ішіндегі амортизация	(8,073,752)	(5,776,796)
Жыл соңындағы жағдай бойынша қалдық	182,324,636	197,563,476

Жылжымайтын мүлік объектісін сатып алу үшін жеңілдікті мөлшерлеме бойынша алынған қарыз бойынша мемлекеттік субсидия 69,376 мың теңгені құрады.

"Нұрлы жер", "Жұмыспен қамту 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы" мемлекеттік бағдарламаларын қаржыландыруға қатысты мемлекеттік субсидия бойынша міндеттемелер жергілікті атқарушы органдардың облигацияларын төмен пайыздық мөлшерлеменен сатып алудан дисконт танылуына қарай пайдаланылатын болады, сондай-ақ мемлекеттік субсидиялардың бір бөлігі пәтерлерді Компания балансына қабылдау сәтінен бастап 20 жыл ішінде тікелей сатып алу арқылы жалға беру бойынша сыйақы түріндегі кірістер құрамында амортизацияланады.

22 Болашақ кезеңдердің кірістері және берілген кепілдіктер бойынша резервтер

	<u>2021 ж.</u> <u>мың теңге</u>	<u>2020 ж.</u> <u>мың теңге</u>
Құрылыс жобалары бойынша кепілдік беру туралы шарттар бойынша болашақ кезеңдердің кірістері	2,031,711	1,035,317
Қаржылық кепілдіктер бойынша болашақ кезеңдердің кірістері	<u>731</u>	<u>33,425</u>
Берілген кепілдіктер бойынша болашақ кезеңдер кірістерінің жиынтығы	<u>2,032,442</u>	<u>1,068,742</u>
Құрылыс жобалары бойынша кепілдік беру туралы шарттар бойынша келтірілген, бірақ мәлімделмеген шығындар резерві	16,369,499	12,386,342
Қаржылық кепілдіктер бойынша талаптарға арналған резерв	<u>1,141</u>	<u>1,483</u>
Берілген кепілдіктер бойынша резервтер жиынтығы	<u>16,370,640</u>	<u>12,387,825</u>
Жыл соңындағы жағдай бойынша қалдық	<u>18,403,082</u>	<u>13,456,567</u>

Берілген кепілдіктер бойынша болашақ кезеңдердің кірістері

	<u>2021 ж.</u> <u>мың теңге</u>	<u>2020 ж.</u> <u>мың теңге</u>
Жыл басындағы қалдық	1,068,742	-
Құрылыс жобалары бойынша кепілдік беру туралы шарттар бойынша еңбекпен табылған комиссиялар (сақтандыру сыйлықақылары)	(2,131,502)	(297,364)
Құрылыс жобалары бойынша кепілдік беру туралы шарттар бойынша алынған	3,516,427	204,798
Қаржылық кепілдіктер бойынша комиссиялар	(851)	(117)
Қаржылық кепілдіктер жөніндегі комиссиялар	96	96
Қаржылық кепілдіктер жөніндегі комиссиялар есептен шығарылған	(31,837)	-
Бірлестік нәтижесінде алынған құрылыс жобалары бойынша кепілдік беру туралы шарттар жөніндегі комиссиялар (27-ескертпе)	-	1,139,377
Біріктіру нәтижесінде алынған қаржылық кепілдіктер жөніндегі комиссиялар	-	33,461
Табыстар бойынша ҚҚС	<u>(388,633)</u>	<u>(11,509)</u>
Жыл соңындағы жағдай бойынша қалдық	<u>2,032,442</u>	<u>1,068,742</u>

Берілген кепілдіктер бойынша болашақ кезеңдердің кірістеріне қаржылық кепілдіктер жөніндегі комиссиялардың бір бөлігі және есеп айырысулар бойынша келесі немесе кейінгі қаржы жылдарында пайда болатын құрылыс жобалары бойынша кепілдік беру туралы шарттар бойынша комиссиялардың пропорционалды әдісті пайдалана отырып, әрбір қаржылық кепілдік шарты және құрылыс жобалары бойынша кепілдік беру туралы шарт үшін жеке есептелген бір бөлігі кіреді.

Қаржылық кепілдіктер бойынша талаптар бойынша резервтердің өзгеруін талдау

	<u>2021 ж.</u> <u>мың теңге</u>	<u>2020 ж.</u> <u>мың теңге</u>
Жыл басындағы жағдай бойынша резервтің шамасы	1,483	-
Қаржылық кепілдік шарттары бойынша резервтердің өзгеруі	(342)	798
Біріктіру нәтижесінде қаржылық кепілдік шарттары бойынша резервтердің өзгеруі	<u>-</u>	<u>685</u>
Жыл соңындағы жағдай бойынша резервтің шамасы	<u>1,141</u>	<u>1,483</u>

Құрылыс жобалары бойынша берілген кепілдіктер бойынша талаптарға резервтердің өзгеруін талдау

	<u>2021 ж.</u> <u>мың теңге</u>	—	<u>2020 ж.</u> <u>мың теңге</u>
Жыл басындағы жағдай бойынша резервтің шамасы	12,386,342		-
Құрылыс жобалары бойынша кепілдік беру туралы шарттар бойынша резервтердегі өзгеріс	3,982,815		9,483,772
Қаржылық кепілдік шарттары бойынша резервтердің өзгеруі	342		-
Бірлестік нәтижесінде құрылыс жобалары бойынша кепілдік беру туралы шарттар бойынша резервтердің өзгеруі (27-ескертпе)	-		2,902,570
Жыл соңындағы жағдай бойынша резервтің шамасы	<u><u>16,369,499</u></u>	=	<u><u>12,386,342</u></u>

Құрылыс жобалары бойынша кепілдік беру туралы шарттар бойынша резервтерді есептеу үшін пайдаланылатын негізгі жорамалдар

Сақтандыру активтері мен міндеттемелерін бағалау үшін пайдаланылатын жорамалдар сақтандыру шарттары бойынша кез келген болашақ міндеттемелерді жабу үшін жеткілікті резервтерді барынша дұрыс қалыптастыруға арналған.

Есепті күнгі жағдай бойынша Компания олардың мәлімделгеніне немесе мәлімделмегеніне қарамастан, осы күнге дейін сақтандыру жағдайларының басталуы нәтижесінде болған залалдарды толық реттеу үшін қажетті болжамды сомаға резерв қалыптастырады.

Компания жалпыға қолжетімді нарықтық ақпараттың және басқа да жарияланған ақпараттың сәйкестігіне жорамалдарды тексереді. Алайда қазақстандық сақтандыру нарығында негізгі қызмет бойынша өзгерістерге жорамалдарды және ұшырағыштықты анықтау үшін өзекті болатын жалпыға қолжетімді ақпараттың жетіспеушілігі байқалады. Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін бағалау, әдетте, мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резервін бағалаудан гөрі белгісіздіктің жоғары деңгейімен байланысты.

Сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын анықтау үшін Компания тәуекел деңгейін анықтайтын уәкілетті компанияға/құрылыс салушыға берілген рейтингті пайдаланады. Рейтинг уәкілетті компанияның/құрылыс салушының сандық және сапалық көрсеткіштерін: сату тиімділігін, активтердің рентабельділігін, мерзімді өтімділік коэффициентін, төлем қабілеттілігі коэффициентін, пайыздарды жабу коэффициентін, ағымдағы борыштың активтерге қатынасы көрсеткішін, меншікті капиталға жиынтық міндеттемені, пайдалануға берілген тұрғын үйдің жалпы алаңының шаршы метрінің көлемін, бас мердігер лицензиясының санатын, техникалық жабдықтауды есепке алады.

Уәкілетті компанияның/құрылыс салушының құрылыс-монтаждау жұмыстарының кешеуілдеуіне және сату жоспарының орындалмауына байланысты кепілдік мерзімін ұзарту туралы өтінішпен жүгінуі сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын арттыру факторы болып саналады.

Кепілдік беру туралы шарт бойынша құрылыс салушының және құрылысты жүзеге асыру үшін уәкілетті компанияның міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету құрылыс салушының уәкілетті компанияда қатысу үлесінің кепілі және жер учаскесінің (оған арналған құқықтардың) кепілі болып табылатындығын ескере отырып, Компанияның бағалауы бойынша сақтандыру жағдайы басталған кезде нақты өтем сомасы құрылыстың аяқталу сатысына және құнына, сондай-ақ жылжымайтын мүлікке нарықтық бағаның өзгеруіне байланысты болады.

Күтілетін залалдарды бағалау компанияның статистикалық деректерді жинақтауына қарай қайта қаралады.

Компания басшылығы құрылыс жобалары бойынша кепілдік шарттары портфелінің көрсеткіштері, негізінен, сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығының бағалау коэффициенттерінің өзгеруіне және сақтандыру жағдайы басталған кезде нақты өтемді бағалауға сезімтал деп есептейді. Компания жоғарыда аталған айнымалы шамалардың соңғы мәндеріне сүйене отырып, өзінің есептік бағалауларына үнемі өзгерістер енгізіп отырады.

Сақтандыру жағдайы басталуының күтілетін ықтималдығы плюс/минус бір пайызға өзгерген кезде сақтандыру резервтерінің мөлшері 163,695 мың теңгеге (2020 жылы: 123,863 мың теңге) жоғары/төмен болар еді.

Сақтандыру жағдайы басталған кезде іс жүзіндегі өтемді бағалау талаптар сомасының 5% - ын қосу/алып тастағанда өзгерген кезде сақтандыру сыйлықақыларының мөлшері 811,363 мың теңгеге (2020 жылы: 557,611 мың теңге) төмен/жоғары болар еді.

23 Акционерлік капитал және резервтер

(а) Шығарылған акционерлік капитал және эмиссиялық кіріс

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығаруға рұқсат етілген акционерлік капитал 22,000,000 қарапайым акциялардан тұрды. (2020 жылғы 31 желтоқсанда 22,000,000 қарапайым акциялар) 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығарылған және айналыстағы акционерлік капитал акционерлерден сатып алынған меншікті акцияларды қоса алғанда, 17,881,022 акциядан (2020 жылы: 17,881,022 акция) тұрды (Ескертпе (в) төменде).

(б) Дивидендтер

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Компанияның резервтерін бөлу үшін қолжетімді шама ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған Компанияның қаржылық есептілігінде көрсетілген бөлінбеген пайданың шамасымен немесе егер жинақталған шығын болашақ кезеңдерге ауыстырылса, есепті кезеңдегі пайданың шамасымен шектеледі. Егер меншікті капиталдың мөлшері теріс болса немесе таза кірісті бөлу Компанияның төлем қабілетсіздігіне немесе дәрменсіздігіне әкеп соқса, бөлуге жол берілмейді.

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Компания өткен жылдың нәтижелері бойынша қарапайым акция үшін 6,051,678 мың теңге немесе 343.24 теңге сомасында дивидендтер жариялады және төледі (2020 жылы: компания өткен жылдың нәтижелері бойынша қарапайым акция үшін 2,577,532 мың теңге немесе 423.84 теңге сомасында дивидендтер жариялады және төледі).

(в) Акционерлерден сатып алынған меншікті акциялар

2021 және 2020 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания 250,000 меншікті акцияны иеленді.

(г) Резервтік капитал

Компания акционерлердің шешіміне сәйкес резервтік капитал құрады. 2021 және 2020 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша резервтік капитал 2,734,447 мың теңгені құрады. Бұл резерв бөлуге жатпайды.

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар ішінде акционерлер бөлінбеген пайдадан осы резервтік капиталға аударым жасамады.

(д) Бөлінбеген пайда құрамындағы басқа резервтер

Компания "Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы" 2016 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабына сәйкес кепілдік беру жағдайын реттеуге резерв құрды. Кепілдік беру жағдайларын реттеуге арналған резервтің қаражаты компанияның кепілдік беру туралы шарттар бойынша міндеттемелерін орындауға байланысты шығыстарды жүзеге асыру мақсатында ғана пайдаланылуы мүмкін. Жағдай бойынша 2021 жылғы 31 желтоқсанда кепілдік беру жағдайын реттеуге арналған резерв 16,227,326 мың теңгеге тең (2020 жылғы 31 желтоқсан: 11,152,219 мың теңге) және бөлінуге жатпайды.

(е) Акцияның баланстық құн

ҚҚБ листинг ережелеріне сәйкес Компания қаржылық есептілікте акцияға капиталдың мөлшерін ұсынуы керек. Бір акцияның баланстық құны материалдық емес активтерді шегергендегі таза активтерді айналыстағы қарапайым акциялар санына бөлу арқылы есептеледі. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бір акцияның баланстық құны 12,451.01 теңгені құрады (2020 жылы: 11,340.87 теңге).

24 Тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді басқару несиелік қызметтің негізі болып табылады және компанияның операциялық қызметінің маңызды элементі болып табылады. Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелін және валюталық тәуекелді, сондай-ақ кредиттік тәуекел мен өтімділік тәуекелін қамтитын нарықтық тәуекел Компания өз қызметін жүзеге асыру процесінде кездесетін негізгі тәуекелдер болып табылады.

(а) Тәуекелдерді басқару саясаты мен рәсімдері

Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты компания ұшырайтын тәуекелдерді анықтауға, талдауға және басқаруға, тәуекелдердің тиісті лимиттерін және тиісті бақылауларды белгілеуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін және олардың белгіленген лимиттерге сәйкестігін тұрақты бағалауға бағытталған. Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясат пен рәсімдер нарықтық жағдайдың, ұсынылатын банк өнімдері мен қызметтерінің өзгерістерін және пайда болған үздік практиканы көрсету мақсатында тұрақты негізде қайта қаралады.

Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жөніндегі бақылау жүйесінің тиісінше жұмыс істеуіне, негізгі тәуекелдерді басқаруға және тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаттар мен рәсімдерді мақұлдауға, сондай-ақ ірі келісімдерді мақұлдауға жауапты болады.

Компания басқармасы тәуекелдерді төмендету жөніндегі шаралардың мониторингі мен енгізілуі үшін жауапты болады, сондай-ақ Компания өз қызметін тәуекелдердің белгіленген шегінде жүзеге асыруын қадағалайды. Компанияның Тәуекел-менеджменті департаменті директорының міндеттеріне тәуекелдерді жалпы басқару және қолданыстағы заңнама талаптарының сақталуына бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ қаржылық, сондай-ақ қаржылық емес тәуекелдер бойынша есептерді анықтау, бағалау, басқару және жасау бойынша жалпы қағидаттар мен әдістердің қолданылуына бақылауды жүзеге асыру кіреді.

Активтерді, пассивтерді және тәуекелдерді басқару комитеті Компанияның басқармасы және директорлар кеңесі бекіткен стратегия, саясат және рәсімдер негізінде активтерді/міндеттемелерді және тәуекелдерді басқару бойынша ұсыныстар әзірлейді.

Сыртқы және ішкі қауіп факторлары компанияның ұйымдық құрылымында анықталады және басқарылады. Тәуекелдер карталарын әзірлеуге ерекше көңіл бөлінеді, олар тәуекел факторларының барлық тізбесін анықтау үшін пайдаланылады және тәуекелдерді төмендету бойынша ағымдағы рәсімдердің жеткіліктілік деңгейін айқындау үшін негіз болады. Кредиттік және нарықтық тәуекелдерді стандартты талдаудан басқа, тәуекел – менеджмент департаменті жекелеген бағыттар бойынша сараптамалық баға алу мақсатында операциялық бөлімшелермен тұрақты кездесулер өткізу жолымен қаржылық және қаржылық емес тәуекелдерге мониторинг жүргізеді. Компанияның Директорлар кеңесі тәуекелдер жөніндегі есептерді тұрақты түрде қарайды.

(б) Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел – нарықтық бағалардың өзгеруі салдарынан қаржы құралы бойынша әділ құнның немесе ақша қаражатының болашақ ағындарының өзгеру тәуекелі. Нарықтық тәуекел валюталық тәуекелден, сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелінен, сондай-ақ басқа да баға тәуекелдерінен тұрады. Нарықтық тәуекел нарықтағы жалпы және ерекше өзгерістердің және нарықтық бағалардың құбылмалылық деңгейінің өзгеруінің әсеріне ұшыраған пайыздық, валюталық және үлестік қаржы құралдарына қатысты ашық позициялар бойынша туындайды.

Нарықтық тәуекелді басқарудың міндеті, бұл ретте қабылданған тәуекел үшін алынатын кірістілікті оңтайландыруды қамтамасыз ете отырып, нарықтық тәуекелге ұшырағыштықтың қолайлы параметрлер шеңберінен шықпауын басқару және бақылау болып табылады.

Нарықтық тәуекелдерге жалпы басшылықты активтерді, пассивтерді және тәуекелдерді басқару комитеті жүзеге асырады.

Компания нарықтық тәуекелді жекелеген қаржы құралдары бойынша портфельдің шамасына қатысты ашық позиция бойынша лимиттерді, сыйақы мөлшерлемелерін өзгерту мерзімдерін, валюталық позицияны, шығындар лимиттерін белгілеу және олардың сақталуына тұрақты мониторинг жүргізу арқылы басқарады, оның нәтижелерін Компанияның басқармасы мен Директорлар Кеңесі қарайды және бекітеді.

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі - сыйақының нарықтық пайыздық мөлшерлемелерінің өзгеруі салдарынан қаржы құралы бойынша әділ құнның немесе ақша қаражатының болашақ ағындарының өзгеру тәуекелі. Компания өзінің қаржылық жағдайына және ақша қаражатының ағынына сыйақының басым нарықтық мөлшерлемелерінің ауытқуының ықпалына ұшыраған. Мұндай ауытқулар пайыздық маржаның деңгейін жоғарылатуы мүмкін, бірақ олар оны төмендетуі мүмкін немесе сыйақы мөлшерлемелері күтпеген жағдайда шығындарға әкелуі мүмкін.

Сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау мерзімдерін талдау

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі көбінесе сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруін мониторингтеу арқылы басқарылады. Негізгі қаржы құралдары бойынша пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарау мерзімдеріне қатысты қысқаша ақпарат мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

мың теңге	3 айдан аз	3-тен 6 айға дейін	6-дан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан аса	Пайызсыз	Баланстық құны
2021 жылғы 31 желтоқсан							
АКТИВТЕР							
Ақша қаражаты және оның баламалары	80,825,090	-	-	-	-	19,859,751	100,684,841
Банктердегі және өзге де қаржы институттарындағы шоттар мен депозиттер	14,395	22,428,174	41,431,963	16,847,634	-	-	80,722,166
Инвестициялық бағалы қағаздар:							
- әділ құны бойынша бағаланатын өзгерістер кезең ішінде пайда немесе залалдың құрамында көрсетіледі	1,330,498	749,318	-	-	-	-	2,079,816
- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын	187,222,750	47,243,699	35,720,150	149,666,227	509,107,985	-	928,960,811
Клиенттерге берілген кредиттер және жылжымайтын мүлікті бөліп төлеуге сатудан түскен ұзақ мерзімді дебиторлық берешек:							
- әділ құны бойынша бағаланатын өзгерістер кезең ішінде пайда немесе залалдың құрамында көрсетіледі	-	-	-	-	3,599,878	-	3,599,878
- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын	3,581,394	41,023,025	1,776,359	18,218,594	71,049,987	-	135,649,359
Қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек	2,539,292	2,056,994	4,156,790	35,683,098	109,194,639	-	153,630,813
Өзге қаржы активтері	662	1,629	-	-	319	33,316	35,926
Активтер жиыны	275,514,081	113,502,839	83,085,262	220,415,553	692,952,808	19,893,067	1,405,363,610
МІНДЕТТЕМЕЛЕР							
Борыштық бағалы қағаздар шығарылған	8,055,139	7,983,439	7,453,639	186,653,006	545,472,996	-	755,618,219
Басқа да тартылған қаражат	232,577	148,103	16,704	89,337,079	128,430,369	-	218,164,832
Басқа да қаржылық міндеттемелер	7,825	-	-	-	-	6,673,229	6,681,054
Міндеттемелер жиыны	8,295,541	8,131,542	7,470,343	275,990,085	673,903,365	6,673,229	980,464,105
Таза жайғасым	267,218,540	105,371,297	75,614,919	(55,574,532)	19,049,443	13,219,838	424,899,505

мың теңге	<u>3 айдан аз</u>	<u>3-тен 6 айға дейін</u>	<u>6-дан 12 айға дейін</u>	<u>1 жылдан 5 жылға дейін</u>	<u>5 жылдан аса</u>	<u>Пайызсыз</u>	<u>Баланстық құны</u>
2020 жылғы 31 желтоқсан							
АКТИВТЕР							
Ақша қаражаты және оның баламалары	43,073,531	-	-	-	-	20,545,529	63,619,060
Банктердегі және өзге де қаржы институттарындағы шоттар мен депозиттер	17,623,564	10,740	25,160,816	15,887,791	11,046,022	-	69,728,933
Инвестициялық бағалы қағаздар:							
- әділ құны бойынша бағаланатын өзгерістер кезең ішінде пайда немесе залалдың құрамында көрсетіледі	1,262,773	715,713	953,553	-	-	-	2,932,039
- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын	146,399,866	51,087,686	26,940,197	252,362,771	441,097,432	-	917,887,952
Клиенттерге берілген кредиттер және жылжымайтын мүлікті бөліп төлеуге сатудан түскен ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	3,146,622	2,508,754	4,113,316	69,204,147	56,319,831	-	135,292,670
Қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек	2,418,509	1,966,933	4,021,263	34,404,043	121,459,816	-	164,270,564
Өзге қаржы активтері	-	-	5,911	14,043	311	4,323	24,588
Активтер жиыны	<u>213,924,865</u>	<u>56,289,826</u>	<u>61,195,056</u>	<u>371,872,795</u>	<u>629,923,412</u>	<u>20,549,852</u>	<u>1,353,755,806</u>
МІНДЕТТЕМЕЛЕР							
Борыштық бағалы қағаздар шығарылған	67,830,288	8,941,439	6,839,389	160,656,762	493,798,857	-	738,066,735
Басқа да тартылған қаражат	10,732,577	28,715	16,704	33,172	197,836,518	-	208,647,686
Басқа да қаржылық міндеттемелер	16,894	-	-	-	-	4,014,626	4,031,520
Міндеттемелер жиыны	<u>78,579,759</u>	<u>8,970,154</u>	<u>6,856,093</u>	<u>160,689,934</u>	<u>691,635,375</u>	<u>4,014,626</u>	<u>950,745,941</u>
Таза жайғасым	<u>135,345,106</u>	<u>47,319,672</u>	<u>54,338,963</u>	<u>211,182,861</u>	<u>(61,711,963)</u>	<u>16,535,226</u>	<u>403,009,865</u>

	2021 ж. мың теңге		2020 ж. мың теңге	
	Пайда немесе залал	Меншікті капитал	Пайда немесе залал	Меншікті капитал
Мөлшерлемелерді ұлғайту жағына 100 базистік пунктке параллель жылжу	2,997,674	2,997,674	1,597,675	1,597,675
Мөлшерлемелерді азайту жағына 100 базистік пунктке параллель жылжу	<u>(2,997,674)</u>	<u>(2,997,674)</u>	<u>(1,597,675)</u>	<u>(1,597,675)</u>

Өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарының және сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі салдарынан сату үшін қолда бар қаржы активтерінің әділ құнының өзгерістеріне пайданың немесе залалдың және капиталдың сезімталдығын талдау (2021 және 2020 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданыстағы позициялар негізінде жасалған және сыйақы мөлшерлемелерін ұлғайту немесе азайту жағына 100 базистік пунктке кірістілік қисықтарын параллель жылжытудың оңайлатылған сценарийі) мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

	2021 ж. мың теңге		2020 ж. мың теңге	
	Пайда немесе залал	Меншікті капитал	Пайда немесе залал	Меншікті капитал
Мөлшерлемелерді ұлғайту жағына 100 базистік пунктке параллель жылжу	253,834	253,834	265,080	265,080
Мөлшерлемелерді азайту жағына 100 базистік пунктке параллель жылжу	<u>(103,365)</u>	<u>(103,365)</u>	<u>(296,967)</u>	<u>(296,967)</u>

(в) Валюталық тәуекел

Компанияның АҚШ долларымен көрсетілген активтері мен міндеттемелері бар.

Валюталық тәуекел – валюталардың айырбастау бағамдарының өзгеруі салдарынан қаржы құралы бойынша әділ құнның немесе ақша қаражатының болашақ ағындарының өзгеру тәуекелі. Компания өзінің валюталық тәуекелге ұшырағыштығын хеджирлемейді.

2021 және 2020 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы активтері мен міндеттемелерінің валюта бөлінісіндегі құрылымы былайша берілген:

	<u>АҚШ доллары</u>	<u>Ресей рублі</u>
	<u>2021 ж. мың теңге</u>	<u>2021 ж. мың теңге</u>
Активтер		
Ақша қаражаты және оның баламалары	64,654	-
Банктердегі және өзге де қаржы институттарындағы қаражат	679,103	-
Өзге активтер	<u>1,091</u>	=
Қаржы активтерінің жиыны	<u>744,851</u>	=
Міндеттемелер		
Басқа да тартылған қаражат	-	(20,279,400)
Өзге міндеттемелер	<u>(64,751)</u>	=
Қаржылық міндеттемелердің жиыны	<u>(64,751)</u>	<u>(20,279,400)</u>
Таза теңгерімдік және теңгерімнен тыс жайғасым	<u>680,100</u>	<u>(20,279,400)</u>

	АҚШ доллары
	2020 ж.
	мың теңге
Активтер	
Ақша қаражаты және оның баламалары	805,003
Клиенттерге берілген кредиттер	849
Өзге активтер	7,627
Қаржы активтерінің жиыны	813,479
Міндеттемелер	
Өзге міндеттемелер	(15,574)
Қаржылық міндеттемелердің жиыны	(15,574)
Таза теңгерімдік және теңгерімнен тыс жайғасым	797,905

2021 және 2020 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мынадай валюталарға қатысты мынадай кестеде көрсетілгендей теңге құнының өзгеруі төменде көрсетілген сомаларға меншікті капиталдың және пайданың немесе залалдың бұдан әрі сипатталған ұлғаюын (азаюын) туғызар еді. Бұл аналитикалық ақпарат салық сомасын шегеріп, компания есепті кезеңнің аяғындағы жағдай бойынша мүмкін деп санайтын валюта бағамдарының ауытқуларына негізделген. Талдау жүргізу кезінде барлық басқа айнымалылар, оның ішінде сыйақы мөлшерлемелері өзгеріссіз қалады деп болжанды.

	2021 ж.		2020 ж.	
	Пайда немесе залал	Меншікті капитал	Пайда немесе залал	Меншікті капитал
мың теңге				
Теңгеге қатысты АҚШ доллары бағамының 20% өсуі	136,020	136,020	159,581	159,581
АҚШ доллары бағамының теңгеге қатысты 5% төмендеуі	(34,005)	(34,005)	(31,916)	(31,916)
Теңгеге қатысты Ресей рублі бағамының 20% өсуі	(4,055,880)	(4,055,880)	-	-
Теңгеге қатысты Ресей рублі бағамының 50% төмендеуі	10,139,700	10,139,700	-	-

(г) Кредиттік тәуекел

Несиелік тәуекел - қарыз алушының немесе компанияның контрагентінің міндеттемелерді орындамауы нәтижесінде пайда болатын қаржылық шығындар тәуекелі. Компания кредиттік тәуекелді (танылған қаржылық активтер және танылмаған шарттық міндеттемелер бойынша) кредиттік тәуекелді шоғырландыру лимиттерін белгілеу және сақтау жөніндегі талаптарды қамтитын бекітілген саясаттар мен рәсімдерді қолдану арқылы, сондай-ақ функцияларына кредиттік тәуекелдің белсенді мониторингі кіретін кредиттік комитетті құру арқылы басқарады. Кредиттік саясатты Компанияның басқармасы мен Директорлар Кеңесі қарайды және бекітеді.

Кредит саясаты:

- кредиттік өтінімдерді қарау және мақұлдау рәсімдерін;
- қарыз алушылардың кредиттік қабілеттілігін бағалау әдістемесін;
- контрагенттердің, эмитенттердің және сақтандыру компанияларының кредит төлеу қабілеттілігін бағалау әдістемесін;
- ұсынылатын қамтамасыз етуді бағалау әдістемесін;
- кредиттік құжаттамаға қойылатын талаптарды;
- кредит тәуекелі бар кредиттерге және өзге де өнімдерге тұрақты мониторинг жүргізу рәсімдерін белгілейді.

Кредиттік тәуекелді басқару кезіндегі негізгі міндет ипотекалық қарыздар бойынша талап ету құқықтарын сатып алу жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде кірістілікті компания активтерін орналастыру қауіпсіздігімен үйлестіретін мөлшерленген кредит беру саясатын жүргізу, жан-жақты, объективті, толық және білікті мониторинг негізінде несие портфелінің жағдайын бақылау болып табылады.

Кредиттік тәуекелге ұшырау негізінен қарыз алушының кредиттік қабілеттілігін бағалаумен, жоғары сапалы қамтамасыз етуді, кепілдіктерді және кредиттерді кері сатып алу құқығын алумен бақыланады.

Компанияның кредиттік тәуекелінің ең жоғары деңгейі, әдетте, қаржылық жағдай туралы есепте қаржы активтерінің баланстық құнында және танылмаған шарттық міндеттемелер сомасында көрсетіледі. Активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу мүмкіндігі әлеуетті кредиттік тәуекелді төмендету үшін елеулі мәні жоқ.

Есепті күнгі жағдай бойынша қаржы активтеріне қатысты кредиттік тәуекелдің ең жоғары деңгейі мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

	2021 ж. мың теңге	2020 ж. мың теңге
АКТИВТЕР		
Ақша қаражаты және оның баламалары	100,684,841	63,619,060
Банктердегі және өзге де қаржы институттарындағы қаражат	80,722,166	69,728,933
- әділ құны бойынша бағаланатын өзгерістер кезең ішінде пайда немесе залалдың құрамында көрсетіледі	2,079,816	2,932,039
- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын	928,960,811	917,887,952
Клиенттерге берілген несиелер және жылжымайтын мүліктің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі:		
- әділ құны бойынша бағаланатын өзгерістер кезең ішінде пайда немесе залалдың құрамында көрсетіледі	3,599,878	-
- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын	135,649,359	135,292,670
Қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек	153,630,813	164,270,564
Өзге қары активтері	35,926	24,588
Кредиттік тәуекелге ұшыраудың ең жоғары деңгейінің жиыны	<u>1,405,363,610</u>	<u>1,353,755,806</u>

Клиенттерге берілген қарыздар бойынша қамтамасыз етуді талдау және клиенттерге берілген кредиттер бойынша кредиттік тәуекелдің шоғырлануы 15-ескертпеде берілген.

2021 және 2020 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша компанияның кредиттік тәуекелге ұшырағыштығы кредиттік тәуекелге ұшырағыштықтың жиынтық ең жоғары деңгейінің 10%-ынан асатын борышқорлары немесе өзара байланысты борышкерлер топтары жоқ.

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді өзара есепке алу

Бұдан әрі кестелерде ұсынылған ақпаратты ашу қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер туралы ақпаратты қамтиды, олар:

- компанияның қаржылық жағдайы туралы есепте өзара есепке алынады; немесе
- олар қаржылық жағдай туралы есепте өзара есепке алынғанына қарамастан, ұқсас қаржы құралдарына қолданылатын заңды күші бар өзара есеп беру туралы бас келісімнің немесе ұқсас келісімдердің нысанасы болып табылады.

Келісімдер келісімлерге арналған жаһандық бас келісімдерді қамтиды. Ұқсас қаржы құралдарына "РЕПО" келісімдері және "кері РЕПО" келісімдері кіреді. Компания осы "РЕПО" және "кері РЕПО" келісімдеріне қатысты нарықта айналымдағы ақша қаражаты мен бағалы қағаздар түрінде қамтамасыз етуді алады және қабылдайды.

Биржада жүзеге асырылмайтын Компанияның туынды құралдарымен операциялар своптар және туынды құралдар жөніндегі халықаралық дилерлер қауымдастығының (ISDA) өзара есеп айырысу туралы бас келісімдеріне сәйкес жүргізіледі. Негізінен, осы келісімдерге сәйкес әрбір контрагент белгілі бір күні сол валютада аяқталмаған операцияларға қатысты төлеуге жататын сомалар бір Тараптың екінші Тарапқа төлеуге жататын бірыңғай таза соманы қалыптастырады. Белгілі бір жағдайларда, мысалы, дефолт сияқты кредиттік оқиға туындаған кезде, келісімге сәйкес аяқталмаған барлық операциялар тоқтатылады, тоқтату сәтіндегі құны бағаланады және есеп айырысу операцияларында тек бір таза сома төленеді немесе төленуі тиіс.

"РЕПО" келісімдері және "кері РЕПО" келісімдері, Компанияның бағалы қағаздарын қарызға алу және қарызға беру туралы келісім своптар және туынды құралдар жөніндегі дилерлердің халықаралық қауымдастығының (ISDA) өзара есепке алу туралы бас келісімдеріне ұқсас өзара есепке алу шарттарымен бас келісімдердің нысанасы болып табылады.

Своптар және туынды құралдар жөніндегі халықаралық дилерлер қауымдастығының (ISDA) бұрын аталған өзара есеп айырысу туралы бас келісімдері және өзара есеп айырысу туралы ұқсас бас келісімдері қаржылық жағдай туралы есептегі өзара есеп айырысу үшін өлшемдерге жауап бермейді. Себебі, олар компанияның немесе оның контрагенттерінің дефолты, төлем қабілетсіздігі немесе банкроттығы жағдайында ғана заңды болып табылатын танылған сомаларды өзара есепке алу құқығын жасайды. Бұдан басқа, Компания және оның контрагенттері берешекті өзара есепке алу жолымен реттеуге немесе активті іске асыруға және міндеттемені бір мезгілде орындауға ниеттенбейді.

Кредиттер мен депозиттер сияқты қаржы құралдары туралы ақпарат, олар қаржылық жағдай туралы есепте өзара есепке алынған жағдайларды қоспағанда, бұдан әрі кестелерде ашылмайды. Бұдан әрі кестеде өзара есеп айырысу туралы заңды күші бар бас келісімдердің және осыған ұқсас келісімдердің мәні болып табылатын қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер берілген.

мың теңге	Қаржылық жағдай туралы есепте өзара есепке алынған танылған қаржылық активтердің/ міндеттемелердің толық		Қаржылық жағдай туралы есептегі қаржылық активтердің/ міндеттемелердің таза		Қаржылық жағдай туралы есепте өзара есепке алынбаған сомалар	
	Танылған қаржы активтерінің/ міндеттемелерінің толық сомасы	сомалары	сомасы	Қаржы құралдары	Алынған ақшалай қамтамасыз ету	Таза сома
2021 жылғы 31 желтоқсан						
"Кері РЕПО" келісімдері	67,082,033	-	67,082,033	(66,394,914)	-	687,119
Қаржылық міндеттемелердің жиыны	67,082,033	-	67,082,033	(66,394,914)	-	687,119
2020 жылғы 31 желтоқсан						
"Кері РЕПО" келісімдері	28,855,796	-	28,855,796	(28,855,796)	-	-
Өзге қаржы міндеттемелері	28,855,796	-	28,855,796	(28,855,796)	-	-

Қаржылық жағдай туралы есепте ұсынылған және бұрын келтірілген кестелерде ашылған қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің толық сомалары және олардың таза сомалары қаржылық жағдай туралы есепте мынадай негізде бағаланады:

"РЕПО" келісімдері, "кері РЕПО" келісімдері, бағалы қағаздарды қарызға алу және қарызға беру туралы келісімдер нәтижесінде туындайтын активтер мен міндеттемелер-амортизацияланған құн.

(д) Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі - есеп айырысулар ақша қаражатын немесе басқа қаржы активін беру арқылы жүзеге асырылатын қаржылық міндеттемелерді орындау бойынша компанияда қиындықтар туындауы тәуекелі. Өтімділік тәуекелі активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері бойынша сәйкес келмеген кезде туындайды. Активтер мен міндеттемелердің өтеу мерзімдері мен сыйақы мөлшерлемелері бойынша сәйкес келуі және/немесе бақыланатын сәйкес келмеуі өтімділік тәуекелін басқарудағы негіз қалаушы сәт болып табылады. Қаржы институттарында, әдетте, көрсетілген позициялар бойынша толық сәйкестік болмайды, өйткені операциялар көбінесе өтеудің белгісіз мерзімдеріне ие және әртүрлі сипатта болады, бұл операциялардың кірістілігін арттыруға мүмкіндік береді, бірақ шығындар қаупін арттырады.

Компания өтімділіктің қажетті деңгейін оларды өтеу мерзімінің басталуына қарай барлық міндеттемелерді орындау үшін қажетті ақша қаражатының тұрақты болуын қамтамасыз ету мақсатында қолдайды. Тәуекелдерді басқару саясатын Басқарма қарайды және Компанияның Директорлар кеңесі бекітеді.

Компания шығарылған борыштық бағалы қағаздардан, басқа банктердің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиттерінен тұратын қаржыландыру көздерінің әртараптандырылған және тұрақты құрылымын, сондай-ақ компанияның өтімділікке қатысты күтпеген талаптарға жедел және күрт ауытқусыз жауап бере алуы үшін жоғары өтімді активтердің әртараптандырылған портфелін белсенді түрде қолдауға ұмтылады.

Компанияның өтімділікті басқару саясаты мыналардан тұрады:

- негізгі валюталар тұрғысынан ақша қаражатының ағындарын болжау және өтімді активтердің қажетті деңгейінің ақша қаражатының осы ағындарымен байланысты есеп айырысу;
- қаржыландыру көздерінің әртараптандырылған құрылымын қолдау;
- қарыз қаражатының шоғырлануы мен құрылымын басқару;
- қарыз қаражаты есебінен қаржыландыруды тарту бойынша жоспарларды әзірлеу;
- ақша ағымы бұзылған жағдайда қорғаныс шарасы ретінде еркін сатылатын жоғары өтімді активтер портфелін қолдау;
- өтімділікті қолдау жөніндегі резервтік жоспарларды және қаржыландырудың берілген деңгейін әзірлеу;
- өтімділік көрсеткіштерінің заңнамалық белгіленген нормативтерге сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру.

Келесі кестелер Компанияның қаржылық міндеттемелері бойынша дисконтталған ақша ағындарының шартта белгіленген өтеу мерзімінің ең ерте мерзімдері бойынша бөлінуін көрсетеді. Осы кестелерде көрсетілген ақша қаражатының түсуі мен кетуінің жиынтық шамалары қаржылық міндеттемелер немесе баланстан тыс міндеттемелер бойынша шарттық дисконтталмаған ақша қаражатының ағындарын білдіреді. Осы қаржылық міндеттемелер бойынша компанияның ақша қаражатының күтілетін ағындары осы талдаудан айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін.

Компанияның өтімділік бойынша позициясы 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

мың теңге	Талап етілгенге дейін және 1 айдан аз	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 6 айға дейін	6-дан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан аса	Ақша қаражаты жылыстауыны ң жиынтық шамасы	Баланстық құны
Туынды емес қаржылық міндеттемелер								
Борыштық бағалы қағаздар шығарылған	6,978,326	1,542,059	18,222,885	41,335,270	434,639,660	1,053,652,492	1,556,370,692	755,618,219
Басқа да тартылған қаражат	79,975	235,743	856,265	1,130,729	124,080,957	405,103,072	531,486,741	218,164,832
Басқа да қаржылық міндеттемелер	3,344,522	3,283,727	52,805	-	-	-	6,681,054	6,681,054
Жиыны	10,402,823	5,061,529	19,131,955	42,465,999	558,720,617	1,458,755,564	2,094,538,487	980,464,105

Компанияның өтімділік бойынша позициясы 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

мың теңге	Талап етілгенге дейін және 1 айдан аз	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 6 айға дейін	6-дан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан аса	Ақша қаражаты жылыстауыны ң жиынтық шамасы	Баланстық құны
Туынды емес қаржылық міндеттемелер								
Борыштық бағалы қағаздар шығарылған	68,131,944	4,559	18,222,559	36,287,118	372,541,945	1,031,991,011	1,527,179,136	738,066,735
Басқа да тартылған қаражат	10,596,850	235,743	91,877	362,129	3,224,110	492,244,326	506,755,035	208,647,686
Басқа да қаржылық міндеттемелер	3,883,290	71,777	63,058	3,292	24,992	5,546	4,051,955	4,051,955
Жиыны	82,612,084	312,079	18,377,494	36,652,539	375,791,047	1,524,240,883	2,037,986,126	950,766,376

Кестеде 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есепте танылған сомаларды өтеу мерзімдері бойынша талдау берілген:

	1 айдан аз мың теңге	1-ден 3 айға дейін мың теңге	3 айдан 1 жылға дейін мың теңге	1 жылдан 5 жылға дейін мың теңге	5 жылдан аса мың теңге	Өтеу мерзімінсіз мың теңге	Жиыны мың теңге
Активтер							
Ақша қаражаты және оның баламалары	100,684,841	-	-	-	-	-	100,684,841
Банктердегі және өзге де қаржы институттарындағы қаражат	14,395	-	63,860,137	16,847,634	-	-	80,722,166
Инвестициялық бағалы қағаздар:							
- әділ құны бойынша бағаланатын өзгерістер кезең ішінде пайда немесе залалдың құрамында көрсетіледі	-	40,111	15,394	2,024,311	-	-	2,079,816
- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын	59,811,269	127,411,481	82,963,849	149,666,227	509,107,985	-	928,960,811
Клиенттерге берілген несиелер және жылжымайтын мүліктің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі:							
- әділ құны бойынша бағаланатын өзгерістер кезең ішінде пайда немесе залалдың құрамында көрсетіледі	-	-	-	-	3,599,878	-	3,599,878
- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын	3,354,610	534,902	43,783,543	25,953,953	62,022,351	-	135,649,359
Қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек	1,148,490	1,390,802	6,213,784	35,683,098	109,194,639	-	153,630,813
Ағымдағы салық активі	-	-	-	-	-	3,485,872	3,485,872
Қаржылық жалгерлік шарттары бойынша беруге жататын активтер	-	-	-	-	-	3,029,851	3,029,851
Аяқталмаған құрылыс	-	-	986,751	-	-	-	986,751
Негізгі құралдар	-	-	-	-	-	3,627,824	3,627,824
Инвестициялық меншік	-	-	-	-	-	6,750,175	6,750,175
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	-	-	240,529	-	-	-	240,529
Өзге активтер	162,612	242,520	217,809	16,044	1,510	547,373	1,187,868
Активтер жиыны	165,176,217	129,619,816	198,281,796	230,191,267	683,926,363	17,441,095	1,424,636,554
Міндеттемелер							
Борыштық бағалы қағаздар шығарылған	6,978,322	1,076,817	15,437,078	186,653,006	545,472,996	-	755,618,219
Басқа да тартылған қаражат	86,656	145,921	164,807	89,337,079	128,430,369	-	218,164,832
Мемлекеттік субсидиялар	-	-	-	16,969,408	165,355,228	-	182,324,636
Болашақ кезеңдердің кірістері және берілген кепілдіктер бойынша резервтер	1,150,146	1,604,162	10,103,509	5,544,107	1,158	-	18,403,082
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	-	-	-	-	20,102,307	-	20,102,307
Өзге міндеттемелер	5,434,163	3,935,712	848,771	-	-	-	10,218,646
Міндеттемелер жиыны	13,649,287	6,762,612	26,554,165	298,503,600	859,362,058	-	1,204,831,722
2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза жайғасым	151,526,930	122,857,204	171,727,631	(68,312,333)	(175,435,695)	17,441,095	219,804,832
2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза жайғасым	85,270,545	65,588,656	89,563,521	211,709,559	(270,414,111)	18,533,263	200,251,433

Кестеде 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есепте танылған сомаларды өтеу мерзімдері бойынша талдау берілген:

	1 айдан аз мың теңге	1-ден 3 айға дейін мың теңге	3 айдан 1 жылға дейін мың теңге	1 жылдан 5 жылға дейін мың теңге	5 жылдан аса мың теңге	Өтеу мерзімінсіз мың теңге	Жиыны мың теңге
Активтер							
Ақша қаражаты және оның баламалары	63,619,060	-	-	-	-	-	63,619,060
Банктердегі және өзге де қаржы институттарындағы қаражат	113,120	17,510,444	25,171,556	15,887,791	11,046,022	-	69,728,933
Инвестициялық бағалы қағаздар:							
- әділ құны бойынша бағаланатын өзгерістер кезең ішінде пайда немесе залалдың құрамында көрсетіледі	-	36,055	966,818	1,929,166	-	-	2,932,039
- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын	101,470,601	44,929,265	78,027,883	252,362,771	441,097,432	-	917,887,952
Клиенттерге берілген несиелер және жылжымайтын мүліктің бөліп төлеуге берілетін ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі	1,654,699	1,515,380	6,281,775	69,550,765	56,290,051	-	135,292,670
Қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек	1,105,054	1,313,455	5,988,196	34,404,043	121,459,816	-	164,270,564
Ағымдағы салық активі	-	-	-	-	-	2,843,520	2,843,520
Жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу және салу үшін төленген аванстар	-	147,859	-	-	-	-	147,859
Қаржылық жалгерлік шарттары бойынша беруге жататын активтер	-	-	-	-	-	4,121,178	4,121,178
Аяқталмаған құрылыс	-	1,883,436	-	-	-	-	1,883,436
Негізгі құралдар	-	-	-	-	-	4,867,901	4,867,901
Инвестициялық меншік	-	-	-	-	-	5,834,999	5,834,999
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	-	-	-	-	-	306,540	306,540
Өзге активтер	244,567	214,043	166,708	15,548	1,566	559,125	1,201,557
Активтер жиыны	168,207,101	67,549,937	116,602,936	374,150,084	629,894,887	18,533,263	1,374,938,208
Міндеттемелер							
Борыштық бағалы қағаздар шығарылған	67,829,722	566	15,780,828	160,656,762	493,798,857	-	738,066,735
Басқа да тартылған қаражат	10,586,656	145,921	45,419	33,172	197,836,518	-	208,647,686
Мемлекеттік субсидиялар	-	-	-	-	197,563,476	-	197,563,476
Болашақ кезеңдердің кірістері және берілген кепілдіктер бойынша резервтер	155,288	1,347,125	10,205,026	1,741,124	8,004	-	13,456,567
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	-	-	-	-	11,098,775	-	11,098,775
Өзге міндеттемелер	4,364,890	467,669	1,008,142	9,467	3,368	-	5,853,536
Міндеттемелер жиыны	82,936,556	1,961,281	27,039,415	162,440,525	900,308,998	-	1,174,686,775
2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза жайғасым	85,270,545	65,588,656	89,563,521	211,709,559	(270,414,111)	18,533,263	200,251,433
2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза жайғасым	40,030,681	5,026,629	(6,866,024)	53,379,657	(28,854,951)	6,376,544	69,092,536

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша "5 жылдан астам" санатының құрамына клиенттерге берілген мерзімі өткен кредиттер және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек кіреді, олардың таза баланстық құны тиісінше 1,653,724 мың теңгені және 354,335 мың теңгені құрайды (2020 жылғы 31 желтоқсан: тиісінше 1,330,415 мың теңге және 301,641 мың теңге).

25 Сақтандыру тәуекелдерін басқару

Компания құрылыс жобалары бойынша кепілдік беру туралы шарттар жасасады. Компания кепілдік беру жағдайы басталған кезде тұрғын үй құрылысын аяқтауға және тұрғын ғимараттағы үлестерді үлескерлерге беруге кепілдік береді. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша компанияда 66 қолданыстағы кепілдік беру шарты болды (2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 27 қолданыстағы шарт).

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша компания шығарған қолданыстағы кепілдіктер бойынша міндеттемелердің ең жоғары сомасы: 380,005,445 мың теңгеге тең (2020 жылғы 31 желтоқсан: 190,074,576 мың теңге).

Құрылыс жобалары бойынша кепілдік беру туралы шарттар бойынша Компания тап болатын негізгі тәуекел кепілдік жағдайлары бойынша нақты төлемдер немесе оларды төлеу уақыты күтілгеннен өзгеше болуы мүмкін екендігінде болып табылады. Осылайша, компанияның мақсаты осы міндеттемелерді төлеу үшін жеткілікті резервтерді қамтамасыз ету болып табылады.

Сақтандыру тәуекелі негізінен құрылыс салушымен байланысты қаржылық және заңды тәуекелдерді бағалау арқылы басқарылады. Компания құрылыс салушының қаржылық жағдайын, жобаны қаржыландыру көздерін талдауды, құрылыс компаниясының баға саясатының барабарлығын бағалайды. Сонымен қатар, компания жоба бойынша құқықтық және бедел тәуекелдерін белгілеу үшін құқықтық бағалау жүргізеді. Клиенттің тұрғын үй ғимаратының құрылысын аяқтау бойынша міндеттемелерін қамтамасыз ету мақсатында Компания қамтамасыз ету сапасына уәкілетті компанияның 100% үлесін, құрылысы аяқталмаған жер учаскесін қабылдайды.

26 Капиталды басқару

Компания ипотекалық компаниялар үшін капитал ретінде нормативтік актілермен анықталған келесі баптарды капитал ретінде анықтайды:

1-деңгейдегі капитал есепті жылдың материалдық емес активтері мен нормативтік залалдарын шегергендегі жай акциялар нысанындағы акционерлік капиталдан, эмиссиялық кірістен, алдыңғы кезеңдердің нормативтік бөлінбеген пайдасынан, оларға қарсы құрылған жинақталған залалдар мен резервтерден және артықшылықты акциялардан (қарапайым акциялар нысанындағы акционерлік капиталдың 15% - ы шегінде) тұрады.

2-деңгейдегі капитал жалпы капиталды есептеу үшін талап етіледі және есепті жылдың нормативтік пайдасынан, қайта бағалау жөніндегі резервтерден, артықшылықты акциялардан (қарапайым акциялар нысанындағы акционерлік капиталдың 15% - ынан асатын мөлшерде), сараланатын реттелген міндеттемелерден және тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген активтердің 1.25% - ынан аспайтын мөлшердегі жалпы резервтерден тұрады.

Жалпы капитал акцияларға немесе реттелген борышқа инвестицияларды шегергендегі 1-деңгейдегі капиталдың және 2-деңгейдегі капиталдың (1-деңгейдегі капиталдан аспайтын мөлшерде) сомасын білдіреді.

Капитал базасының жоғарыда көрсетілген элементтеріне басқа да әртүрлі шектеулер мен біліктілік критерийлері қолданылады.

ҚР ҰБ белгілеген қолданыстағы талаптарға сәйкес ипотекалық ұйымдар қолдау көрсетуі тиіс:

- 1-деңгейдегі капиталдың жалпы нормативтік белгіленген активтерге қатынасы (k1);
- 1-деңгейдегі капиталдың меншікті капиталдың есебіне енгізілмеген жалпы резервтер (провизиялар) сомасына азайтылған кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің сомасына қатынасы (k1-2);
- жалпы капиталдың меншікті капиталдың есебіне енгізілмеген жалпы резервтер (провизиялар) сомасына азайтылған кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша

мөлшерленген активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің сомасына және операциялық тәуекел көрсеткішіне қатынасы (к1-3).

	2021 ж.	2020 ж.
	мың теңге	мың теңге
1-деңгейдегі капитал		
Акционерлік капитал	190,847,155	190,847,155
Жалпы резервтер	2,734,447	2,734,447
Қосымша төленген капитал	3,389,392	3,389,392
Материалдық емес активтер	(28,465)	(134,229)
ҚРҰБ талаптарына сәйкес жыл ішіндегі таза шығын	-	(5,100,541)
Өткен жылдардың бөлінбеген таза пайдасы (шығыны)	6,507,008	(2,771,238)
1-деңгейдегі капиталдың жиыны	203,449,537	188,964,986
2-деңгейдегі капитал		
Кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген активтердің 1.25% - ынан аспайтын мөлшерде меншікті капитал есебіне енгізілетін жалпы резервтер (провизиялар)	7,010,785	7,846,184
ҚРҰБ талаптарына сәйкес жыл ішіндегі таза шығын	99,504	-
2-деңгейдегі капиталдың жиыны	7,110,289	7,846,184
Капиталдың жиыны	210,559,826	196,811,170
Барлық нормативтік белгіленген активтер	1,424,636,554	1,374,938,209
Кредиттік тәуекелді ескере отырып мөлшерленген активтер	560,862,812	627,694,733
Шартты және ықтимал міндеттемелер кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген	363,910,022	198,975,311
Операциялық тәуекел	13,460,303	7,537,759
Кредиттік тәуекелді және шартты міндеттемелерді қоса алғанда, операциялық тәуекелді ескере отырып мөлшерленген активтер жиыны	938,233,137	834,207,803
Меншікті капиталдың есебіне енгізілмеген жалпы резервтер (провизиялар)	9,216,541	3,306,035
к1 коэффициенті	14%	14%
к1-2 коэффициенті	22%	23%
к1-3 коэффициенті	23%	24%

2021 және 2020 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияға қолданылатын коэффициенттердің ең төменгі деңгейі:

- к1 – 6%;
- к1-2 – 6%;
- к1-3 – 12%.

ҚРҰБ талаптарына сәйкес таза пайда (залал) "Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы" 2016 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (23 (д) - ескертпе)29-бабына сәйкес кепілдік беру жағдайын реттеуге арналған резервтерді шегергендегі компанияның таза пайдасынан тұрады, себебі кепілдік беру жағдайын реттеуге арналған резерв бөлуге жатпайды.

27 ДБ АҚ және ТҚКҚ АҚ қосылуы

2020 жылғы 16 шілдеде "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ басқармасының сырттай отырысының шешімімен Компанияны табыстау туралы өткізу актісін және ДБ АҚ құқықтық мирасқоры ретінде қосылу туралы шартты, ДБ АҚ-ның барлық мүлкін, құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ оның барлық кредиторлары мен борышкерлеріне қатысты барлық құқықтары мен міндеттемелерін және ДҚ АҚ-ның барлық құқықтары мен міндеттемелері бойынша Компанияның құқықтық мирасқорын бекіту туралы шешім қабылданды. Сондай-ақ, Компания акцияларын бір акция үшін 11,239.54 теңге бағасы бойынша 9,220,163 дана көлеміндегі жарияланған акциялар саны шегінде, ДБ АҚ жалғыз акционерінің пайдасына, ДБ АҚ-ның 100% акцияларын Компания сатып алатын төлем есебіне орналастыру туралы шешім қабылданды. ДБ АҚ қосылғаннан кейін Компанияның акционерлік капиталы

103,630,354 мың теңге сомасында ұлғайды. 2020 жылғы 30 шілдеде компанияның акцияларын орналастыру жөніндегі мәмілені жүзеге асырғаннан кейін ДБ барлық активтер мен міндеттемелерді берді және беру кезіндегі таза активтер 100,682,460 мың теңгені құрады. Осыған байланысты Компания қосымша төленген капитал құрамында 2,947,894 мың теңге мөлшеріндегі соманы таныды. 2020 жылғы 04 қарашада "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ басқармасының сырттай отырысының шешімімен Компанияны табыстау туралы өткізу актісін және ДБ АҚ құқықтық мирасқоры ретінде қосылу туралы шартты, ДБ АҚ-ның барлық мүлкін, құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ оның барлық кредиторлары мен борышкерлеріне қатысты барлық құқықтары мен міндеттемелерін және ДҚ АҚ-ның барлық құқықтары мен міндеттемелері бойынша Компанияның құқықтық мирасқорын бекіту туралы шешім қабылданды. Сондай-ақ, Компания акцияларын бір акция үшін 11,370.72 теңге бағасы бойынша 2,329,479 дана санындағы акциялардың жарияланған саны шегінде, ТҚКҚ АҚ жалғыз акционерінің пайдасына, Компания сатып алатын ТҚКҚ АҚ акцияларының 100% - ын төлеу есебіне орналастыру туралы шешім қабылданды. ТҚКҚ АҚ қосылғаннан кейін компанияның акционерлік капиталы 26,487,861 мың теңге сомасында ұлғайды. 2020 жылғы 16 қарашада компанияның акцияларын орналастыру жөніндегі мәмілені жүзеге асырғаннан кейін ТҚКҚ АҚ барлық активтер мен міндеттемелерді берді және беру кезіндегі таза активтер 26,853,426 мың теңгені құрады. Осыған байланысты Компания қосымша төленген капитал құрамында 365,565 мың теңге мөлшеріндегі соманы таныды.

	Нақты беру күні	Акционер бекіткен күні	мың теңге
ДБ АҚ таза активтері	100,831,325	103,630,354	(2,799,029)
ТҚКҚ АҚ таза активтері	26,853,426	26,487,861	365,565
Жиыны	127,684,751	130,118,215	(2,433,464)

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Компания өз акцияларын акцияларды сату бағасының арақатынасына тепе-тең орналастыру арқылы БД АҚ мен ТҚКҚ АҚ акцияларын сатып алу жөнінде келісім жасады. Төменде келтірілген кесте компанияның қаржылық есептілігінде көрсетілген баланстық шамаларға сүйене отырып, Компания акцияларын шығару арқылы БД АҚ және ТҚКҚ АҚ акцияларын сатып алу күніндегі жағдай бойынша 2020 жылғы 30 шілдедегі БД АҚ және 2020 жылғы 16 қарашадағы ТҚКҚ АҚ сатып алған баланстық құнын көрсетеді. Есепті жылдың басынан бастап сатып алынған күнге дейінгі кезеңде БД АҚ таза пайдасы тиісінше 7,436,649 мың теңгені және ТҚКҚ АҚ 1,922,234 мың теңгені құрады.

Келесі кестеде сатып алынған активтерге және қосылу күніне қабылданған міндеттемелерге қатысты танылған сомалар туралы ақпарат берілген.

мың теңге	БД АҚ	ДБ АҚ қайта есептелген деректері	Қайта есептелген деректерді ескере отырып,	
			ДБ АҚ	ТҚКК АҚ
Сатып алу күні	<u>30 шілде 2020 ж. 16 қараша 2020 ж.</u>			
Активтер				
Ақша қаражаты және оның баламалары	28,260,077	13,764	28,273,841	6,829,585
Несие мекемелеріндегі қаражат	27,058,830	-	27,058,830	2,998,860
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын басқа да қаржы активтері	552,361,717	3,987,766	556,349,483	20,900,221
Клиенттерге несиелер мен аванстар	77,597,271	(112,431)	77,484,840	-
Қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек	22,719,257	-	22,719,257	-
Ағымдағы салық активі	1,166,747	(28)	1,166,719	95,308
Қаржылық жалгерлік шарттары бойынша беруге жататын активтер	3,864,321	-	3,864,321	-
Аяқталмаған құрылыс	175,716	-	175,716	-
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	2,670,704	-	2,670,704	47,590
Инвестициялық меншік	5,492,982	-	5,492,982	108,536
Сағуға арналған ұзақ мерзімді активтер	321,474	-	321,474	-
Кейінге қалдырылған салық активтері	-	-	-	9,751
Өзге активтер	<u>2,161,949</u>	<u>46,331</u>	<u>2,208,280</u>	<u>7,705</u>
Активтер жиыны	723,851,045	3,935,402	727,786,447	30,997,556
Міндеттемелер				
Борыштық бағалы қағаздар шығарылған	345,998,551	3,767,841	349,766,392	-
Басқа да тартылған қаражат	167,474,423	-	167,474,423	-
Мемлекеттік субсидиялар	100,868,263	-	100,868,263	-
Болашақ кезеңдердің кірістері және берілген кепілдіктер бойынша резервтер	-	-	-	4,076,891
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	7,035,975	-	7,035,975	-
Өзге міндеттемелер	<u>1,791,373</u>	<u>18,696</u>	<u>1,810,069</u>	<u>67,239</u>
Міндеттемелер жиыны	623,168,585	3,786,537	626,955,122	4,144,130
Таза активтер жиыны	100,682,460	148,865	100,831,325	26,853,426

28 Шартты міндеттемелер

(а) Сақтандыру

Қазақстан Республикасында сақтандыру қызметтерінің нарығы даму сатысында, сондықтан басқа елдерде қолданылатын сақтандыру қорғаудың көптеген нысандары Қазақстанда әзірше қолжетімсіз. Компания мүлікті сақтандыру қызметін сатып алады, оның шеңберінде ипотекалық қарыздар бойынша компанияның кепілінде тұрған кепіл жылжымайтын мүлік болып табылатын мүлікті және жалға берілетін тұрғын үйді, ал оның атаулы құрылымдық элементтерін апаттар мен табиғи, климаттық, тұрмыстық, төтенше жағдайлар нәтижесінде келтірілген жоғалту, жойылу және (немесе) бүліну тәуекелдерінен сақтандыру болуы және (немесе) техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың, үшінші тұлғалардың қылмыстық және немқұрайлы әрекеттерінің алдын алуы тиіс. Компания барабар сақтандыру өтеліміне ие болғанға дейін белгілі бір активтердің жоғалуы немесе зақымдануы компанияның қызметі мен қаржылық жағдайына айтарлықтай теріс әсер етуі мүмкін деген тәуекел бар.

(б) Сот талқылаулары

Нарықтағы әдеттегі қызметін жүзеге асыру барысында Компания әртүрлі заңды шағымдарға тап болады. Басшылық сот талқылаулары нәтижесінде туындайтын міндеттемелердің түпкілікті шамасы (олар болған жағдайда) болашақта компания қызметі нәтижелерінің қаржылық жағдайларына елеулі теріс әсер етпейді деп пайымдайды.

(в) Қазақстандағы шартты салық міндеттемелері

Қазақстанның салық жүйесі салыстырмалы түрде жаңа бола тұра, заңнамалық нормалардың, ресми түсіндірулер мен сот шешімдерінің жиі өзгерістерімен сипатталады, көбінесе бұл анық жазылмаған және қарама-қайшы келеді, бұл оларды ХҚЕС-ке сәйкес кірістерді, шығыстарды және қаржылық есептіліктің өзге де баптарын есепке алу тәртібіне қатысты пікірлерді қоса алғанда, әртүрлі салық органдарының әртүрлі түсіндіруіне жол береді. Салықтардың дұрыс есептелуіне қатысты тексерулер мен тергеулермен ірі айыппұлдар салуға және пайыздар алуға құқығы бар әртүрлі деңгейдегі реттеуші органдар айналысады. Есепті кезеңде салықтарды есептеудің дұрыстығы келесі күнтізбелік бес жыл ішінде тексерілуі мүмкін, алайда белгілі бір жағдайларда бұл мерзім ұзартылуы мүмкін.

Бұл жағдайлар Қазақстандағы салықтық тәуекелдердің басқа елдерге қарағанда әлдеқайда жоғары болуына алып келуі мүмкін. Басшылықтың пікірінше, салық міндеттемелері басшылықтың қолданыстағы салық заңнамасын түсіндіруіне, нормативтік құжаттар мен сот органдарының шешімдеріне ресми түсіндірмелеріне сүйене отырып, осы қаржылық есептілікте толық көрсетілген. Алайда, әртүрлі реттеуші органдардың салық заңнамасын түсіндіруі Компания басшылығының пікірінен ерекшеленуі мүмкін фактіні назарға ала отырып, реттеуші органдар тарапынан мәжбүрлеу шараларын қолданған жағдайда, олардың Компанияның қаржылық есептілігіне ықпалы елеулі болуы мүмкін.

29 Байланысты тараптар арасындағы операциялар

(а) Басқарма және директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуымен жасалатын операциялар "Қызметкерлерге сыйақылар" деген бапқа енгізілген сыйақылардың жалпы мөлшері (7-ескертпені қараңыз) мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

	2021 ж. мың теңге	2020 ж. мың теңге
Директорлар кеңесінің мүшелері	20,660	17,144
Басқарма мүшелері	283,692	183,686
	<u>304,352</u>	<u>200,830</u>

Көрсетілген сомаларға басқарма және директорлар кеңесі мүшелеріне ақшалай және ақшалай емес сыйақылар кіреді.

2021 және 2020 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқарма және директорлар кеңесі мүшелерімен операциялар бойынша шоттар бойынша қалдықтар мен орташа сыйақы мөлшерлемелері мыналарды құрады:

	2021 ж. мың теңге	Сыйақының орташа мөлшерлемесі, %	2020 ж. мың теңге	Сыйақының орташа мөлшерлемесі, %
	Қаржылық жағдай туралы есеп			
Клиенттерге берілген кредиттер	36,242	3.00	51,869	3.00
Өзге міндеттемелер	<u>77,760</u>	-	<u>78,719</u>	-

(б) Басқарма және ДК мүшелерімен операциялар бойынша пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есепке енгізілген сомалар:

	2021 ж. мың теңге	2020 ж. мың теңге
Пайда мен залал туралы есеп	<u>1,754</u>	<u>752</u>
Сыйақы түріндегі табыстар		

в) Өзге де байланысты тараптардың қатысуымен жасалатын операциялар

Өзге байланысты Тараптар "Бәйтерек "ҰБХ" АҚ мен оның еншілес кәсіпорындарын (бұдан әрі бірлесіп "Бәйтерек тобы" деп аталатын) және өзге де мемлекеттік мекемелерді қамтиды. 2021 және 2020 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұдан әрі ұсынылған сомалар қаржылық жағдай туралы есепке, пайда немесе шығын туралы есепке және басқа да байланысты тараптармен операциялар бойынша жиынтық кіріс туралы есепке енгізілген:

	2021 ж. мың теңге	2021 ж. мың теңге	2020 ж. мың теңге	2020 ж. мың теңге
	Бәйтерек тобы	Мемлекеттік мекеме	Бәйтерек тобы	Мемлекеттік мекеме
Пайда немесе залал туралы есеп				
Пайыздық табыстар	10,259,336	103,587,909	6,778,773	35,966,914
Пайыздық шығындар	(91,732,158)	(1,740,757)	(36,211,421)	(1,873,326)
Өзге де таза операциялық табыстар	37,659,237	(36,552,959)	177,449,253	(173,305,360)
Комиссиялық шығындар	-	(2,417)	-	(1,783)
Борыштық қаржы құралдарының күнсыздануынан болған табыстар/(залалдар)	30,942	2,514,253	(27,188)	(2,616,305)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	-	(502,241)	(5,097)	(608,345)
Табыс салығы бойынша шығыс	-	(3,895,916)	-	(2,194,096)

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа да байланысты тараптармен операциялар бойынша шоттар бойынша қалдықтар:

	Бәйтерек тобы		Мемлекеттік мекеме	
	Сыйақының орташа мөлшерлемес		Сыйақының орташа мөлшерлемес	
	мың теңге	i, %	мың теңге	i, %
Ақша қаражаты және оның баламалары	13,713,298	7.75	85,817,017	7.82
Банктердегі қаражат	16,947,634	1.00	-	-
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	-	-	917,993,404	5.44
Клиенттерге берілген несиелер	-	-	39,150,674	0.40
Ағымдағы салық активі	-	-	3,485,872	-
Өзге активтер	107,024	-	75,702	-
Борыштық бағалы қағаздар шығарылған	694,724,816	5.73	12,808,553	10.31
Басқа да тартылған қаражат	192,013,579	0.17	5,871,853	0.10
Мемлекеттік субсидиялар	180,774,256	-	1,550,381	-
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	-	-	20,102,307	-
Өзге міндеттемелер	-	-	361,008	-

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа да байланысты тараптармен операциялар бойынша шоттар бойынша қалдықтар:

	Бәйтерек тобы		Мемлекеттік мекеме	
	Сыйақының орташа мөлшерлемес		Сыйақының орташа мөлшерлемес	
	мың теңге	i, %	мың теңге	i, %
Ақша қаражаты және оның баламалары	14,200,857	7.50	48,554,180	8.20
Банктердегі қаражат	15,987,791	1.00	-	-
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	-	-	838,395,580	4.15
Клиенттерге берілген несиелер	-	-	34,169,318	0.40
Ағымдағы салық активі	-	-	2,843,520	-
Өзге активтер	77,557	-	81,795	-
Борыштық бағалы қағаздар шығарылған	707,443,506	6.04	11,957,444	10.38
Басқа да тартылған қаражат	203,134,956	0.17	5,512,730	0.10
Мемлекеттік субсидиялар	197,288,432	-	275,044	-
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	-	-	11,098,775	-
Өзге міндеттемелер	-	-	237,294	-

30 Қаржылық активтер мен міндеттемелер: әділ құн және есептік жіктеулер

(а) Есептік жіктеулер және әділ құн

Келесі бұдан әрі кесте 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы активтері мен міндеттемелерінің баланстық және әділ құнын көрсетеді.

мың теңге	Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін	Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін	Барлық баланстық құны	Әділ құн
Ақша қаражаты және оның баламалары	100,684,841	-	100,684,841	100,684,841
Банктердегі және өзге де қаржы институттарындағы қаражат	80,722,166	-	80,722,166	78,339,456
Инвестициялық бағалы қағаздар:				
- Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын	928,960,811	-	928,960,811	954,242,866
- әділ құны бойынша бағаланатын өзгерістер кезең ішінде пайда немесе залалдың құрамында көрсетіледі	-	2,079,816	2,079,816	2,079,816
Клиенттерге берілген кредиттер және жылжымайтын мүлікті бөліп төлеуге сатудан түскен дебиторлық берешек:				
- Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын	135,649,359	-	135,649,359	102,733,371
- әділ құны бойынша бағаланатын өзгерістер кезең ішінде пайда немесе залалдың құрамында көрсетіледі	-	3,599,878	3,599,878	3,599,878
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	153,630,813	-	153,630,813	94,263,284
Басқа қаржы активтері	35,926	-	35,926	35,637
	1,399,683,916	5,679,694	1,405,363,610	1,335,979,149
Борыштық бағалы қағаздар шығарылған	755,618,219	-	755,618,219	719,456,192
Басқа да тартылған қаражат	218,164,832	-	218,164,832	167,532,317
Басқа да қаржылық міндеттемелер	6,681,054	-	6,681,054	6,681,054
	980,464,105	-	980,464,105	893,669,563

Келесі бұдан әрі кесте 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы активтері мен міндеттемелерінің баланстық және әділ құнын көрсетеді.

мың теңге	Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін	Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін	Барлық баланстық құны	Әділ құн
Ақша қаражаты және оның баламалары	63,619,060	-	63,619,060	63,619,060
Банктердегі және өзге де қаржы институттарындағы қаражат	69,728,933	-	69,728,933	67,007,766
Инвестициялық бағалы қағаздар:				
- Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын	917,887,952	-	917,887,952	952,491,174
- әділ құны бойынша бағаланатын өзгерістер кезең ішінде пайда немесе залалдың құрамында көрсетіледі	-	2,932,039	2,932,039	2,932,039
Клиенттерге берілген кредиттер және жылжымайтын мүлікті бөліп төлеуге сатудан түскен дебиторлық берешек:	135,292,670	-	135,292,670	114,287,749
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	164,270,564	-	164,270,564	102,511,173
Басқа қаржы активтері	24,588	-	24,588	24,588
	1,350,823,767	2,932,039	1,353,755,806	1,302,873,549
Борыштық бағалы қағаздар шығарылған	738,066,735	-	738,066,735	682,569,319
Басқа да тартылған қаражат	208,647,686	-	208,647,686	143,258,180
Басқа да қаржылық міндеттемелер	4,031,520	-	4,031,520	4,031,520
	950,745,941	-	950,745,941	829,859,019

Әділ құнды бағалау бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында ұйымдастырылған нарықта жүзеге асырылатын операция жағдайларында активті сату кезінде алынатын немесе міндеттемені беру кезінде төленетін бағаны айқындауға бағытталған. Дегенмен, орын алып отырған белгісіздіктер мен бағалаудың субъективтілігіне байланысты әділ құн активтерді дереу сату немесе міндеттемелерді орындау жасалуы мүмкін құн ретінде қарастырылмауға тиіс.

Белсенді нарықтарда баға белгіленетін қаржы активтері мен міндеттемелерінің әділ құны нарықтық баға белгіленімдеріне немесе дилерлер бағасының баға белгіленімдеріне негізделген. Барлық басқа қаржы құралдары үшін Компания бағалау әдістерін қолдана отырып, әділ құнды анықтайды.

Бағалау әдістерінің мақсаты ұйымдастырылған нарықта жүзеге асырылатын активті сату немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында міндеттемелерді беру бойынша операция жүргізілетін бағаны көрсететін әділ құнды бағалау тәсіліне қол жеткізу болып табылады.

Бағалау әдістері ағымдағы сәтке келтірілген таза құнды бағалау және ақша қаражатының ағындарын дисконттау модельдерін, оларға қатысты нарықтық баға белгіленімдері белгілі ұқсас құралдармен салыстыруды, сондай-ақ бағалаудың өзге де модельдерін қамтиды. Бағалау үшін пайдаланылатын пайымдаулар мен деректер тәуекелсіз және базалық сыйақы мөлшерлемелерін, кредиттік спрэдтерді және дисконттау мөлшерлемелерін, акциялар мен облигациялардың баға белгіленімдерін, валюта бағамдарын, қор индекстерін, сондай-ақ бағалардың күтілетін ауытқуларын және оларды салыстыруды бағалау үшін пайдаланылатын өзге де түзетулерді қамтиды. Бағалау әдістері нарықтың тәуелсіз қатысушылары айқындайтын есепті күнгі жағдай бойынша қаржы құралының құнын көрсететін әділ құнды айқындауға бағытталған.

Компания жалпыға қолжетімді нарықтық деректерді ғана пайдаланатын және басшылықтың пікірін немесе бағасын талап етпейтін пайыздық және валюталық своптар сияқты стандартты және неғұрлым қарапайым қаржы құралдарының әділ құнын анықтау үшін кеңінен танылған бағалау модельдерін пайдаланады. Модельдерге арналған бақыланатын баға белгілеулер мен бастапқы деректер әдетте нарықта айналымдағы борыштық және үлестік бағалы қағаздар, биржада айналымдағы туынды құралдар үшін қолжетімді болады.

Неғұрлым күрделі құралдар үшін Компания өзінің бағалау модельдерін қолданады. Осы модельдерде пайдаланылатын кейбір немесе барлық маңызды деректер жалпыға қолжетімді нарықтық деректер болмауы мүмкін және нарықтық баға белгілеулерден немесе мөлшерлемелерден немесе пайымдау негізінде қалыптастырылған бағалардан туынды болып табылады. Бағалануы бақыланбайтын нарықтық деректерді пайдалануға негізделген құралдардың мысалы ретінде белсенді нарық жоқ кейбір кредиттер мен бағалы қағаздар болады.

Әділ құнды бағалау қаржы құралы жақсы хабардар, шын мәнінде осындай мәмілені жасауға ниет білдірген, бір-бірінен тәуелсіз тараптар арасында айырбасталуы мүмкін құнды неғұрлым дәл айқындауға бағытталған. Дегенмен, орын алып отырған белгісіздіктер мен бағалаудың субъективтілігіне байланысты әділ құн активтерді дереу сату немесе міндеттемелерді орындау жасалуы мүмкін құн ретінде қарастырылмауы тиіс.

Басшылық қаржы құралдарының әділ құнын бағалау үшін мынадай жорамалдарды пайдаланды:

- 13.1% дисконттау мөлшерлемесі банктерге берілген қарыздар бойынша болашақ ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылады (2020 жыл: 12.7%);
- 11.3% - 20.7% дисконттау мөлшерлемелері клиенттерге берілген кредиттер бойынша болашақ ақша ағындарын және жылжымайтын мүлікті бөліп төлеуге сатудан түскен дебиторлық берешекті дисконттау үшін пайдаланылады (2020 жыл: 6.5% - 14.9%);
- 10.3% дисконттау мөлшерлемелері қаржылық жалгерлік шарттары бойынша дебиторлық берешектен болашақ ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылады (2020 жыл: 9.9%);
- 7.5% және 10.3% - 15.0% дисконттау мөлшерлемелері тиісінше Ресей рублімен және теңгемен деноминацияланып шығарылған және өзге де тартылған қаражат борыштық бағалы қағаздары бойынша болашақ ақша ағындарын/жылыстауларды дисконттау үшін пайдаланылады (2020 жыл: 12.4% -12.7%);

(б) Әділ құнды бағалау иерархиясы

Компания әділ құнды көрсетілген бағаларды қалыптастыру кезінде пайдаланылатын деректердің елеулілігін ескеретін әділ құнды бағалаудың мынадай иерархиясын пайдалана отырып бағалайды.

- 1-деңгей: ұқсас қаржы құралдарына қатысты белсенді нарықтағы баға белгілеулер (түзетілмеген);

- 2-деңгей: бастапқы деректер ретінде тиісті актив немесе міндеттеме бойынша не тікелей (яғни тікелей бағалар), не жанама (яғни бағаларға негізделген деректер) байқалатын нарықтық параметрлер (1-деңгейге жатқызылған баға белгілеулерді қоспағанда) пайдаланылады. Осы санат пайдалана отырып бағаланатын құралдарды: ұқсас құралдар үшін белсенді нарықтардағы нарықтық баға белгілеулерді, белсенді ретінде қаралмайтын нарықтардағы ұқсас немесе ұқсас құралдар үшін нарықтық баға белгілеулерді немесе барлық пайдаланылатын деректері тікелей немесе жанама бақыланатын нарықтық деректерге негізделетін бағалаудың өзге әдістерін қамтиды;
- 3-деңгей: қол жетімді емес деректер. Бұл санат бақыланатын бастапқы деректерге негізделмеген ақпаратты пайдалана отырып бағаланатын құралдарды қамтиды, оған қоса мұндай бақыланбайтын деректер құралды бағалауға елеулі әсер етеді. Осы санат оларға қатысты құралдар арасындағы айырмашылықты көрсету үшін елеулі қадағаланбайтын түзетулерді немесе пайымдауларды пайдалану талап етілетін ұқсас құралдар үшін баға белгілеу негізінде бағаланатын құралдарды қамтиды.

Бұдан әрі кестеде әділ құн иерархиясының деңгейлері бөлінісінде 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құн бойынша көрсетілетін қаржы құралдарына талдау келтірілген. Сомалар қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген сомаларға негізделеді.

Қаржылық активтер	2-деңгей	3-деңгей	Жиыны
Кезең ішінде пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін өзгерістері әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	2,079,816	-	2,079,816
Кезең ішінде пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін өзгерістері әділ құн бойынша бағаланатын клиенттерге берілген кредиттер	-	3,599,878	3,599,878
	2,079,816	3,599,878	5,679,694

Бұдан әрі кестеде әділ құн иерархиясының деңгейлері бөлінісінде 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құн бойынша көрсетілетін қаржы құралдарына талдау келтірілген. Сомалар қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген сомаларға негізделеді.

Қаржы активтері	2-деңгей	3-деңгей	Жиыны
Кезең ішінде пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін өзгерістері әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	2,066,079	865,960	2,932,039
	2,066,079	865,960	2,932,039

2021 жылға арналған әділ құн иерархиясындағы 3-деңгейге жатқызылатын әділ құн бағалауларындағы өзгерістер былайша ұсынылуы мүмкін.

	2021 ж.	2020 ж.
Қаржы активтері		
Жыл басындағы жағдай бойынша қалдық	865,960	933,590
Кезең ішінде пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін өзгерістері әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздармен операциялардан болған таза іске асырылған залал	327,671	(19,505)
Есептелген сыйақы	87,593	-
Сыйақы төлеу	(87,593)	(87,135)
3-деңгейдегі құралдар құрамына сатып алынған	3,599,878	39,010
Өтелген	(1,193,631)	-
Жыл соңындағы жағдай бойынша қалдық	3,599,878	865,960

Кестеде қамтылған 2021 жылғы пайданың немесе залалдың құрамына енгізілген пайдалар немесе залалдар пайда немесе шығын туралы есепте және өзге де жиынтық кіріс туралы есепте мынадай түрде көрсетілген.

2021 ж. _____ 2020 ж. _____

Қаржы активтері

Кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін өзгерістері әділ құн бойынша бағаланатын басқа қаржы құралдарымен операциялардан түскен таза пайда (залал)

- (19,505)

Бұдан әрі кестеде 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құн иерархиясының 3 деңгейіне жататын қаржы құралдарын бағалау кезінде жыл соңындағы жағдай бойынша пайдаланылған елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер туралы ақпарат келтірілген:

Құрал түрі	Әділ құн	Бағалау әдісі	Елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер	Әділ құнды бағалаудың бақыланбайтын бастапқы деректерге сезімталдығы
Кезең ішінде пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін өзгерістері әділ құн бойынша бағаланатын клиенттерге берілген кредиттер	3,599,878	Ақшалай қаражаттың дисконтталған ағыны	Дисконттау мөлшерлемесі 23.74%	Оқшаулауда көрсетілген кез келген бастапқы деректердің елеулі ұлғаюы әділ құнның төмендеуіне әкеледі. Елеулі төмендеу әділ құнның артуына алып келеді.

Бұдан әрі кестеде 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құн иерархиясының 3 деңгейіне жататын қаржы құралдарын бағалау кезінде жыл соңындағы жағдай бойынша пайдаланылған елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер туралы ақпарат келтірілген:

Құрал түрі	Әділ құн	Бағалау әдісі	Елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер	Әділ құнды бағалаудың бақыланбайтын бастапқы деректерге сезімталдығы
Пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін өзгерістері әділ құн бойынша бағаланатын бағалы қағаздар	865,960	Ақшалай қаражаттың дисконтталған ағыны	Дисконттау мөлшерлемесі 17.85%	Оқшаулауда көрсетілген кез келген бастапқы деректердің елеулі ұлғаюы әділ құнның төмендеуіне әкеледі. Елеулі төмендеу әділ құнның артуына алып келеді.

Бұдан әрі кестеде әділ құн иерархиясының деңгейлері тұрғысынан 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құн бойынша бағаланбайтын қаржы құралдарының әділ құнын талдау келтірілген:

мың теңге	2-деңгей	3-деңгей	Әділ құнының жиыны	Баланстық құнының жиыны
Активтер				
Ақша қаражаты және оның баламалары	100,684,841	-	100,684,841	100,684,841
Банктердегі және өзге де қаржы институттарындағы шоттар мен депозиттер	78,339,456	-	78,339,456	80,722,166
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	954,242,866	-	954,242,866	928,960,811
Клиенттерге берілген кредиттер және амортизацияланған құны бойынша бағаланатын жылжымайтын мүлікті бөліп төлеуге сатудан түскен дебиторлық берешек	101,039,782	1,693,588	102,733,371	135,649,359
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	88,509,753	5,753,531	94,263,284	153,630,813
Басқа қаржы активтері	35,637	-	35,637	35,926
Міндеттемелер				
Борыштық бағалы қағаздар шығарылған	719,456,192	-	719,456,192	755,618,219
Басқа да тартылған қаражат	167,532,317	-	167,532,317	218,164,832
Басқа да қаржылық міндеттемелер	<u>6,681,054</u>	<u>-</u>	<u>6,681,054</u>	<u>6,681,054</u>

Бұдан әрі кестеде әділ құн иерархиясының деңгейлері бөлінісінде 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құн бойынша бағаланбайтын қаржы құралдарының әділ құнына талдау келтірілген:

мың теңге	2-деңгей	3-деңгей	Әділ құнының жиыны	Баланстық құнының жиыны
Активтер				
Ақша қаражаты және оның баламалары	63,619,060	-	63,619,060	63,619,060
Банктердегі және өзге де қаржы институттарындағы шоттар мен депозиттер	67,007,766	-	67,007,766	69,728,933
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	952,491,174	-	952,491,174	917,887,952
Клиенттерге берілген кредиттер және амортизацияланған құны бойынша бағаланатын жылжымайтын мүлікті бөліп төлеуге сатудан түскен дебиторлық берешек	111,338,645	2,949,104	114,287,749	135,292,670
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	93,556,875	8,954,298	102,511,173	164,270,564
Басқа қаржы активтері	24,588	-	24,588	24,588
Міндеттемелер				
Борыштық бағалы қағаздар шығарылған	682,569,319	-	682,569,319	738,066,735
Басқа да тартылған қаражат	143,258,180	-	143,258,180	208,647,686
Басқа да қаржылық міндеттемелер	<u>4,031,520</u>	<u>-</u>	<u>4,031,520</u>	<u>4,031,520</u>

31 Сегменттік есептілік

Компанияның операциялары жоғары интеграцияланған және "Операциялық сегменттер" 8 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес бірыңғай бизнес-сегментті құрайды. Компанияның активтері негізінен Қазақстан Республикасында болады және Компания Қазақстан Республикасында жүргізілетін және оған байланысты операциялардан табыс алады. Операциялық шешімдерді қабылдауға жауапты тұлға, компания жағдайындағыдай Басқарма төрағасы болып табылады, сондай-ақ Компания туралы ақпаратты тұтастай алады және қарайды.

32 Есепті күннен кейінгі оқиғалар

2022 жылғы 2 қаңтарда Қазақстанның батысында сұйылтылған табиғи газ бағасының литріне 60 теңгеден 120 теңгеге дейін көтерілуіне байланысты наразылықтар басталды. Бұл наразылықтар басқа қалаларға таралды және тонау мен адамдардың өліміне әкелді. 2022 жылғы 5 қаңтарда Үкімет төтенше жағдай енгізу туралы жариялады. Жоғарыда көрсетілген наразылықтар мен төтенше жағдайдың енгізілуі нәтижесінде Қазақстан Республикасының Президенті қосымша салықтарды қоса алғанда, ықтимал шаралар туралы бірқатар жария мәлімдемелер жасады. 2022 жылғы 19 қаңтарда төтенше жағдай режимі жойылды.

Соңғы бірнеше аптада Украинадағы әскери қақтығыс Ресей Федерациясының арнайы әскери операциясына байланысты Қазақстандағы экономикалық белгісіздік деңгейін қосымша арттырды. Америка Құрама Штаттары, Еуропалық Одақ және кейбір басқа елдер Ресей Федерациясының Үкіметіне, сондай-ақ Ресей Федерациясындағы ірі қаржы институттары мен басқа да кәсіпорындар мен жеке тұлғаларға қатаң санкциялар енгізді.

Осы қаржылық есептілікті шығарған күнгі жағдай бойынша Компания санкциялық параққа енгізілген ресейлік банктердің шоттарынан ақша қаражатын алып қойды.

Сондай-ақ теңгенің құнсыздануын ескере отырып, Компания басшылығы осы оқиғалардың 2022 жылғы Компания операцияларына әлеуетті әсерін бағалады және жоғарыда көрсетілген оқиғалар Компанияның қызметі мен қаржылық жағдайына елеулі теріс әсер етпейді деп пайымдайды. Дегенмен, Компанияның 2022 жылғы қаржылық нәтижелеріне кез келген кейінгі оқиғалардың неғұрлым ауқымды әсері мен олардың Қазақстан экономикасына әсер етуін осы қаржылық есептілікті бекіткен күні анықтау мүмкін емес.